

МЕГАПОЛИС



АЛМАТЫНЫҢ МӘДЕНИ МИССИЯСЫ –
Қазақ елінің халықаралық
брендіне айналу

9



Түркі бірлігі:

БУДАПЕШТ САММИТИ

Еуропа төріндегі геосаяси және стратегиялық маңызды басқосу



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитіне қатысуы – Қазақстанның түркі әлеміндегі жетекші рөлін нақты айғақтаған маңызды дипломатиялық қадам болды. Бұл сапар – еліміздің көпвекторлы сыртқы саясатының табысты көрінісі десек те болар. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі түркі елдерінің өз орнын бекемдеуге, ортақ мүдде аясында топтасуға ұмтылысын паш еткен тарихи оқиға несімен есте қалды?

САРАПТАМА

Ұлттық статистика бюросы «Халықтың уақыт бюджетін пайдалануы» атты біржолғы модульдік зерттеуінің нәтижесін жариялады.

Зерттеу мақсаты – халықтың өз уақытын пайдалануы туралы ақпарат алу, жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдікті, өмір салтындағы өзгерістерді анықтау. Сауалнама 6 жыл сайын жүргізіледі. Бұған дейін 2018 жылы өткен болатын. Бұл жолы 2024 жылы қаңтар-желтоқсан аралығында 10 және одан жоғары жастағы 11914 респондент қатысқан. Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, Қазақстан халқы уақытының жартысынан астамын ұйқыға, тамақтану, жеке гигиена мен күтімге жұмсайды екен.

МОДУЛЬДІК ЗЕРТТЕУ:

Қазақстан халқы уақытын қалай өткізеді?



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ҮЙ, ЖҰМЫС ЖӘНЕ БОС УАҚЫТ

Халықтың уақытының басым бөлігі ұйқыға жұмсалады. Бұл табиғи қажеттілік. Зерттеу нәтижелері бойынша 10 жастан асқан қазақстандықтар бір күнін қалай өткізетінін зерделеп көрелік. Орташа тәуліктік ұйқы ұзақтығы – 9 сағат 26 минутты құраған. Сауалнамаға көмелетке толмағандар да қатысқанын ескерсек, бұл қалыпты ұйқы ұзақтығы екенін айта кеткен жөн.

- 54,2% (13 сағат) – жеке күтімге (ұйқы – 9 сағат 26 минут, тамақ пен сусын – 1 сағат 57 минут, жеке гигиена және күтім – 1 сағат 27 минут және т.б.);

- 12,2% (2 сағат 56 минут) – жұмысқа;
- 13,5% (3 сағат 14 минут) – үй шаруасына;
- 2% (28 минут) – оқуға;
- 0,8% (12 минут) – жеке пайдалану үшін тауарлар өндіру;
- 17,3% (4 сағат 9 минут) – бос уақыт.

Сауалнама нәтижесіне қарайтын болсақ, қазақстандықтар уақытының басым бөлігін жеке күтімге, жұмысқа және үй шаруасына арнайтынын байқаймыз. Ал бос уақыты өте көп. Керісінше, оқуға, жеке пайдалану үшін қажет тауар өндіруге өте аз уақыт бөледі.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

23.05.2025

Түнде: +16+18 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз: +25+27 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай, бұршақ.

24.05.2025

Түнде: +14+16 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз: +25+27 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай, бұршақ.

25.05.2025

Түнде: +13+15 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз: +25+27 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай, бұршақ.

www.aqshamnews.kz





САРАПТАМА

Түркі бірлігі:

БУДАПЕШТ САММИТИ

Еуропа төріндегі геосаяси және стратегиялық маңызды басқосу

(Басы 1-бетте)

Көне Будапешт шаһарында өткен саммит – Қазақстанның түркі интеграциясын дағы берік ұстанымын тағы бір мәрте айқындады. Жиынға қатысқан Қазақ Президенті ұйым аясындағы өзара байланысты одан әрі тереңдетуге бағытталған нақты ұсыныстарын ортаға салды, бірнеше стратегиялық бастамалар көтеріп, әріптестерін аймақтық ынтымақтастықты тереңдетуге шақырды.

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ
ЫНТЫМАҚ

Президент саммиттің «Шығыс пен Батыс тоғысқан тұс» атауымен өтуінің символдық мәніне тоқталып, Мажарстанның ұйымға серіктес ретінде қосқан үлесін жоғары бағалады. Түркі елдерінің ынтымағын сақтап, ортақ тарих пен мәдени мұраға негізделген әріптестікті нығайту – еліміздің сыртқы саясатындағы маңызды бағыт екенін тұжырымдады. Қазіргі күрделі геосаяси ахуал жағдайында түркі мемлекеттерінің өзара қолдауы мен стратегиялық үйлесімділігі бұрынғыдан да өзекті бола түскені шындық. Қасым-Жомарт Тоқаев бұл бағдарда Қазақстанның бірқатар маңызды бастамаларды жүзеге асырып жатқанын тілге тиек етті.

Атап айтқанда, Түркі мемлекеттері ұйымының жанындағы Қазақстанның Тұрақты өкілі тағайындалғанына, Тұрақты өкілдік ашу жоспарланып отырғанына, Астанада 11-12 маусым күндері Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының XIV пленарлық отырысы өтетініне, Ақтау қаласы биыл Түркі әлемінің мәдени астанасы ретінде жарияланғанына маңыз берді. «Осы мәртебелі міндетті жоғары деңгейде атқару үшін нақты іс-шаралар қолға алынды. Қазақстанның бастамасымен өткен аптада Орталық сайлау органдарының консультативтік платформасы құрылды. Оның алғашқы отырысы киелі Түркістан қаласында табысты өтті. Ортақ келісім бойынша биыл маусым айынан бастап Алматы қаласы «Түркі мемлекеттері ұйымының жастар астанасы» атанады. Осылайша біз түркі бірлігін нығайтамыз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

КӨЛІК-ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТ:
ОРТАҚ МҮДДЕ

Мемлекет басшысы өз сөзінде Орта дәліздің стратегиялық маңызын ерекше



атап өтті. Бұл дәліз – Еуразия кеңістігіндегі интеграцияны тереңдетудің басты тірегі. Қазақстан–Қытай шекарасында жаңа темір жол өткелінің ашылуы, Қырғызстан және Өзбекстанмен шекарадағы рәсімдерді жеңілдету – экономикалық байланыстарды күшейтуге бағытталған маңызды қадамдар. Президент сондай-ақ, «Солтүстік – Оңтүстік» бағытындағы көлік жобаларын бірлесіп іске асырудың маңызын айтып, түркі елдерін өзара инфрақұрылымдық бастамаларды үйлестіруге шақырды. Аталмыш бағыт бойынша халықаралық көлік қатынасын дамыту түркі мемлекеттерін жаһандық сауда жүйесіне толыққанды қатыстыруға мүмкіндік бермек. Бұл бастамалар Қазақстанның тек географиялық емес, экономикалық хаб ретіндегі рөлін де нығайтады.

ЭНЕРГЕТИКА, ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ
АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ

Қазақстанның бастамасымен талқыланған тағы бір маңызды тақырып – энергетика мен цифрландыру саласындағы ықпалдастық. Президент Транскаспий мұнай және газ құбырларын салу идеясын қолдап, оны жүзеге асыру түркі мемлекеттерінің бірлескен әрекетін қажет ететінін атап өтті. Сондай-ақ, мұнай, газ, уран сынды ресурстарды жеткізу бағыттарын әртараптандырудың өзектілігіне тоқталды. Каспий арқылы өтетін талшықты-оптикалық кабель жобасы аймақтық цифрлық дербестікті арттырып, заманауи инфрақұрылым қалыптастыруға жол

ашады. Ауыл шаруашылығы саласындағы кооперация, азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері де назардан тыс қалмады. Бұл саладағы ықпалдастық – жаһандық дағдарыс жағдайында мемлекеттердің ішкі тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды алғышарты, сондықтан өзара аймақтық байланысты тереңдету қажеттілігі айтылды. Мемлекет басшысы Түркі мемлекеттері ұйымы мен Ислам азық-түлік қауіпсіздігі ұйымы арасындағы серіктестікті күшейту қажеттігін айтты.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕР
ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Табиғат апаттары мен климаттың өзгеруі – тек бір елдің ғана емес, бүкіл түркі әлемі үшін де ортақ мәселе. Қасым-Жомарт Тоқаев Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі – экологиялық және әлеуметтік-экономикалық қатер екеніне тоқталып, бірлескен ғылыми зерттеулер мен ортақ жобалар арқылы оған қарсы күресу қажеттігін алға тартты. Президент айтқандай, бұл жағдай аймақтың экологиясы мен экономикасына, халықтың әл-ауқатына кері әсерін тигізуде. Ол Саммитке қатысушы тараптарды осы мәселеге қатысты бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге үндеп, ортақ экологиялық жобалар жасауға шақырды.

Саммитте Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Өзбекстан Прези-

денті Шавкат Мирзиёев және ТМҰ Бас хатшысы Кубанычбек Өмірәлиев сөз сөйледі. Мемлекеттер басшылары саммит қорытындысы бойынша Түркі мемлекеттері ұйымының Будапешт декларациясын, Мемлекеттер басшылары кеңесінің Ауғанстан жөніндегі мәлімдемесін, Өзбекстан Республикасын Түркі мәдениеті және мұрасы қорына қосу туралы және Түркі мемлекеттері ұйымы Бас хатшысының өкілеттілік мерзімін ұзарту туралы шешімдерді қабылдады.

Сараптамамызды түйіндесек, Будапешт басқосуы – түбі бір түркі елдерінің саяси, экономикалық және мәдени саладағы ынтымақтастығын жаңа белеске жол ашқан маңызды оқиға болды. Саммит – өзара сенімге негізделген прагматикалық серіктестікке тың серпін берген маңызды алаң ретінде есте қалары сөзсіз. Қазақстан Президентінің бастамалары – түркі әлемінің болашағына, аймақтық тұрақтылықты, экономикалық өсімді және мәдени жақындасуды қамтамасыз етуге бағытталған кешенді стратегиялық бағдар. Бұл саммитте Қазақстан өзінің түркі интеграциясының тұрақты тірегі әрі жетекші ойыншысы ретіндегі рөлін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Төрехан ДАНИЯРОВ.

СТАТИСТИКА

МОДУЛЬДІК ЗЕРТТЕУ:

Қазақстан халқы уақытын қалай өткізеді?

(Басы 1-бетте)

ӘЙЕЛДЕР ТҰРМЫСТЫҚ ШАРУАСЫНА
КӨП КӨҢІЛ БӨЛЕДІ

Төмендегі кестені Статистика бюросының зерттеуі негізінде дайындадық. Онда қала мен ауыл, ер мен әйел арасындағы уақытты жұмсау айырмашылықтары толығырақ көрсетілген. Жеке күтімге кететін уақыт бәрінде бірдей. Ал жұмысқа келгенде айырмашылық байқалады. Қалалықтар ауылда тұратындарға қарағанда жұмысқа көп уақыт бөледі. Сол сияқты, ер адамдар да әйелдерге қарағанда көбірек уақыт жұмыс істейді. Бірақ бұл ауыл тұрғындары мен әйелдердің жалқау екенін білдірмейді. Ауыл тұрғындарының жұмысқа аз уақыт бөлуіне тұрақты жұмыс орындарының аздығы себеп болуы мүмкін. Бұдан бөлек, қалалықтар ауылда тұратындарға қарағанда үй шаруасына аз уақыт бөледі. Ал әйелдер ер адамдарға қарағанда үй шаруасына, бала қарауға көбірек уақыт арнайды. Ер адамдар бір күннің 7,6 %-ын, әйелдер 17,6 %-ын үй шаруасына жұмсайды.

БОС УАҚЫТ ТИІМДІ ӨТПЕЙДІ

Біз жоғарыда қазақстандықтардың бір күнінің 17,3 %-ын бос уақыт алатынын айттық. Бірақ бұл халқымыз жалқау дегенді білдірмейді. Тиімдірек өткізу мәселесі бар. Статистика бюросының әдіснамасына сүйенсек, бос уақытқа «Волонтерлік және өзге де ақы төленбейтін жұмыстар», «Әлеу-

меттену, бірлестіктерге қатысу және діни тәжірибе», «Мәдениет, бос уақыт, БАҚ және спорттық іс-шаралар» секілді дүниелер енген. Сауалнама қорытындысы бойынша азаматтар волонтерлік және өзге де ақы төленбейтін жұмысқа өте аз уақытын арнайды. Ал «Мәдениет, бос уақыт, БАҚ және спорттық іс-шараларға» азаматтары-

мыз көбірек мән береді. Алайда, бұлардың ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға кететін уақыт өте көп. Жоғарыда кестеде көрсетілген 13,8 %-дың 8,5 %-ы БАҚ пен әлеуметтік желіге жұмсалады. Ойланып демалуға – 2,5 %, ал мәдени және спорттық іс-шараларға баруға кететін уақыт – 2,8 %. Бұл қазақстандықтардың бос уақыты тиімді өтпейтінін дәлелдейді. Бұған әрине, олардың табыс деңгейі әсер етеді.

Статистика бюросының зерттеуін талдай келе мынадай қорытынды жасауға болады: әдіснамаға халықтың табыс деңгейін де қосу қажет. Себебі, табысы жоғарылаған сайын жұмысқа және үй шаруасына бөлінетін уақыт азаяды. Бұған қарамастан бұл зерттеу біз үшін құнды. Өйткені, ауыл мен қала, ер мен әйел арасындағы уақытты бөлу мәселесінде бірнеше тәуекелдер бар екенін көрсетеді.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



● ПРЕЗИДЕНТ



МӘДЕНИЕТ пен ӨНЕР

руханият мәйегі

Ақордада мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған салтанатты жиын өтті.

Рәсімде сөз сөйлеген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлтымыздың болмыс-бітімін сақтауға, халқымыздың руханиятын байытуға зор үлес қосып жүрген сала қызметкерлеріне ризашылығын білдірді.

Ұлт болашағына салынған капитал

– Мәдениет – ұлттың төлқұжаты. Жаһан жұрты елімізді, ең алдымен, өнеріміз арқылы танып біледі. Біз – Ұлы далада тамыр жайған бірегей мәдениеттің заңды мұрагеріміз. Қазақ жерінен шыққан қайталанбас өнер иелерінің теңдессіз туындылары тұтас ұлтты тәрбиелейді. Қазір төл мәдениетіміз дүние жүзіне танылып жатыр. Талантты музыканттарымыз әлемдік сахналарда табысты өнер көрсетіп жүр. Қазақ киногерлері түрлі халықаралық байқауларға қатысып, сарапшылардың жоғары бағасына ие болуда. Елордамызда Дүниежүзілік көшпенділер ойындары табысты өтті. Ақтау қаласы түркі әлемінің мәдени астанасы болып жарияланды. Рухани мұраларымыз цифрлық форматқа көшіріле бастады. Таяуда ұлтымыздың бір жарым мың ән-күйі мен фольклорлық мұрасы ең танымал халықаралық платформа-ларға салынды. Төл өнеріміз креативті индустрия арқылы барынша насихатталуда, – деді Президент.

Бұл – Тәуелсіз Қазақстанның рухани дипломатиясындағы мәдениеттің стратегиялық рөлін айқындайтын тұжырым, мәдени мұраны жаһандық кеңістікке шығарудың жаңа мүмкіндігі. Елімізде биылдың өзінде 45 жаңа мәдениет нысанының салынуы – мемлекеттің бұл салаға айрықша назар аударып отырғанының дәлелі. Президент театрларды жаңғырту, жаңа ғимараттар салу мәселесіне де тоқталып, бұл іске меценаттар мен кәсіпкерлерді тарту қажет екенін айтты. Қоғамдық сананы жаңғыртатын өнер ошағына салынған әр инвестиция – ұлт болашағына салынған капитал.

Шығармашылық ізденіске серпін беретін қадам

Мемлекет басшысы Бикен Римова атындағы қазақ драма театрына, Алматыдағы қуыршақ театрына және Ғарифолла Құрманғалиев атындағы филармонияға академиялық мәртебе беру туралы ұсыныс айтты.

Бұл – аталмыш мекемелердің абыройын көтеріп, шығармашылық ізденіске серпін беретін қадам болмақ. Президент музейлер тарихымыз бен мәдениетіміздің асыл қазынасы екенін, мұражайлардың ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы рөлін ерекше атап өтіп, олардың әлеуетін толық пайдаланудың маңызын айтты.

– Осыған дейін еліміздің жетекші үш музейі ұлттық мәртебеге ие болды. Бұл олардың қызметіне орасан зор серпін берді. Ғылыми-зерттеу саласында, тарихи және мәдени ескерткіштерімізді зерделеу ісінде музейлердің әлеуетін толық пайдалану маңызды. Сарайшық қалашығы зерттеушілердің ерекше қызығушылығын тудырады. Оған жаңғырту жұмыстарын жүргізу қажет. Сонымен қатар, Орталық Азия елдерінің тарихи-мәдени мұрасына арналған бірыңғай цифрлық платформа құру туралы бастаманың берері мол, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ұлттық музейлерге берілген мәртебе олардың дамуына серпін беріп қана қоймай, рухани жаңғырудың маңызды тетігіне айналып отыр. Мұның бәрі ел тарихына терең бойлау ниетінен туындағаны сөзсіз.

Президент қалалар мен елдімекендердің келбеті арқылы ұлт мәдениетінің деңгейі танылатынын қадап айтты. Жас сәулетшілерге арналған байқау өткізу және ұлттық сыйлық тағайындау туралы бастама – жаңа буын мамандарды қолдаудың және ұлттық нақыштағы сәулет өнерін дамытудың тиімді бағдары болмақ.

Тәрбие мен таным негізі

Мемлекет басшысы елімізде соңғы жылдары ауқымды реформалар жүзеге асырылғанын еске салып, бұл үдеріс саясат пен экономикадан бастап, барлық салаға әсерін тигізгеніне тоқталды. Ал елімізді көркейту – баршаға ортақ міндет екенін атап өтіп, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясының мақсаты да осыған негізделгенін айтты. Ұлт тәрбиесі мен танымының тағы бір негізі – кітап оқу мәдениеті де назардан тыс қалмады.

– Жалпы, тазалық пен мәдениет – егіз ұғым. Мәдениеті жоғары қоғамның табиғаты да, таным-түсінігі де таза болары анық. Ұлтты өрге бастайтын қасиеттің бірі – білімге, оқуға деген құштарлық. Біз озық ойлы ел боламыз десек, ең алдымен, кітап оқитын ел болуымыз керек, – деді Президент.

«Ұлттық кітап күні» мен жас қаламгерлерге арналған Президент сыйлығы – кітапқа деген құрметті жаңғыртатын игі бастамалар. Президент Шерхан Мұртазаның: «Мәдениеттің мәйегі – кітап» деген сөзін тілге тиек етіп, оқуға деген құштарлықты арттыру қажеттігіне маңыз берді. Сондай-ақ, биыл қазақ музыкасының көрнекті тұлғасы Нұрғиса Тілендиевтің

КЕРЕК ДЕРЕК

- ▶ Алматы – Қазақстанның мәдени астанасы. Шаһарда жоғары білім беру мекемелері, театрлар мен мультимәдени орталықтар, кітапханалар мен мұражайлар шоғырланған.
- ▶ Мегаполисте 162 тарихи және мәдени ескерткіштер орналасқан. 100-ден астам республикалық, қалалық және жекеменшік нысанындағы мәдениет ұйымдар, оның ішінде 19 театр, 26 музей, 34 кітапхана, 19 кинотеатр, 11 концерттік-демалыс ұйымдары, цирк, хайуанаттар бағы және т.б. бар.
- ▶ Республикада 7600 мәдениет мекемесі жұмыс істейді. Атап айтқанда, 3890 кітапхана, 57 театр, 231 архив, 275 музей, 2994 мәдени-демалыс орталығы, 113 кинотеатр, 36 концерттік ұйым және 4 цирк бар. Салада 58 мыңнан астам маман қызмет атқарады.
- ▶ Елімізде 25 мыңнан астам тарихи-мәдени мұра нысаны тіркелген. Оның 265-і республикалық маңызы бар ескерткіштер қатарына енсе, тағы 12 мыңнан астамы жергілікті маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштері тізіміне енгізілген.
- ▶ Әлемдік қауымдастыққа халқымыздың бай мәдениеті мен төлтума болмысын таныстыратын Qazaq Culture ақпараттық платформасы сегіз тілде, оның ішінде БҰҰ-ның алты ресми тілі, сондай-ақ қазақ және түрік тілдерінде қолжетімді.
- ▶ Мәдениет мекемелерін дамыту мақсатында 2024 жылы тоғыз республикалық ұйымға «Ұлттық» мәртебесі берілді.
- ▶ «Е-архив» ақпараттық жүйесі арқылы Ұлттық архив қорындағы жалпы құжаттардың 10 пайызы, яғни 2 654 404 сақтау бірлігі цифрландырылды. Бұл – еліміздің тарихи дамуы, халық тағдыры мен маңызды оқиғалар туралы құнды деректер.
- ▶ Қазақстанның ұлттық электронды кітапханасында 80 465 құжаттың электронды көшірмесі қолжетімді. Жүктелген құжаттар 64 тілді қамтиды.
- ▶ 2024 жылы мемлекет қолдауымен 16 ұлттық фильм түсірілді. Оның ішінде 7 фильм 34 халықаралық марапатқа ие болды. Прокаттағы отандық фильмдердің үлесі 22,97%-ға, ал қазақ тіліндегі фильмдердің үлесі 19,76%-ға жетті.
- ▶ Қазақстан музейлерінің 3D үлгілері енгізілген «Виртуалды музейлер желісі» порталы іске қосылады деп жоспарлануда.
- ▶ Орталық Азия елдерінің тарихи-мәдени мұрасын біріктіретін бірыңғай цифрлық платформа құру бастамасын жүзеге асыру мүмкіндігі қарастырылып жатыр.
- ▶ 2024 жылы өңірлерде 45 мәдениет нысаны жөндеуден өтіп, 255 жаңа мекеменің құрылысы аяқталды. 2025 жылы 51 нысанды жөндеу және тағы 250 нысанды салу жоспарланған.

100 жылдығының ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілуі – ұлттық өнерді жаһандық деңгейде дәріптеудің бір жолы. Сонымен қатар, құжаттық мұраларымыздың «Әлем жады» тізбесіне енгізілуі де – тарихи жадыны сақтау жолындағы маңызды іс.

Мемлекет басшысы мәдениет пен өнердің ағартушылық миссиясын баса айтып, бұл сала ұлт санасын жаңғыртуға тікелей ықпал ететінін жеткізді. Жаңа этика мен құндылықтардың қалыптасуы – өнер мен әдебиеттің, мәдениет пен білімнің әсері арқылы жүзеге асады. Бұл – рухани дамудың өзегі.

Жиын барысында белгілі әнші, халық өнерінің көрнекті өкілі Қайрат Байбосыновқа «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді. Бұл марапат – ұлттық өнерге деген биік құрметтің, өнер адамына көрсетілген шексіз алғыстың айғағы. Бұдан бөлек, мәдениет саласындағы аса үздік жетістіктері үшін бір топ азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды.

● Ақордадағы бұл жиын – жәй ғана салтанатты іс-шара емес, руханият саласына мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қамқорлықтың айқын көрінісі. Бұл – ұлттық рухтың қайта түлеу сәті, мәдениетке бетбұрыстың жаңа кезеңі басталғанын айғақтаса керек. Қасым-Жомарт Тоқаевтың мәдениет пен өнер туралы тұжырымдары – болашақ ұрпаққа бағдар беретін стратегиялық бағыт болары сөзсіз. Мемлекет басшысы айтқандай, халқымыздың жан-дүниесін айшықтай көрсететін халық өнері әрдайым төрде болуы керек. Мәдениеті озық елдің рухы биік. Ал рухы биік ұлт ешқашан еңсесін түсірмейді.



ЕҢБЕК АДАМЫ

ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ЖАНАШЫРЫ

Әріптесіміз Базарбек Атығаев – «Құрмет» орденінің иегері!

Мәдениет – ұлттың рухани өзегі, Елдің еңсесін көтерер, рухын асқақтатар биік құндылық. Сол киелі мұрат жолында қызмет етіп жүрген санаулы саңлақтар бар. Солардың бірі – Базарбек Қайырбекұлы Атығаев. Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан «Құрмет» орденін алған азамат – қазақ мәдениетінің жанашыры ғана емес, оны жүйелі түрде жинақтап, ғылыми-танымдық негізде насихаттап жүрген тұлға.

Руханиятының жоғын жоқтаған...

Базарбек Атығаев – қазақ руханиятының әр саласында өзіндік қолтаңбасын қалдырып келе жатқан мәдениеттанушы-ғалым, продюсер-сценарист, филология ғылымдарының кандидаты, «Almaty» телерадиокомпаниясы АҚ бас директорының бірінші орынбасары. Ұзақ жылдар бойы ол ұлттық мұраларды жинақтау, сақтау және ұрпаққа жеткізу жолында тынымсыз еңбек етіп келеді.

Мемлекеттік академиялық филармония директорының шығармашылық жөніндегі орынбасары қызметінде жүргенде, ел мәдениеті үшін бірқатар айтулы жобаларды жүзеге асырды. Солардың ішіндегі ең ауқымдысы – «Қазақ даласының әуендері» атты 500 халық әнінен тұратын «Ұлы Дала сазы» антологиясы. Бұл 24 дискіден тұратын бірегей жинақта қазақ халқының көне тарихы мен жан дүниесін суреттейтін әндер топтастырылған. Антология үшін материалдар тек Қа-



зақстан аумағынан ғана емес, үш миллионға жуық қазақ мекендейтін Қытайдың Іле, Тарбағатай, Алтай аймақтары мен Моңғолияның Баян-Өлгей өлкесінен жиналған. Бұл еңбек – шекара сыртындағы бауырларымыздың да рухани мұрасын ұрпақ жадына сіңіруге бағытталған аса маңызды жоба. «Мәңгілік сарын», «Алдаспан» (Батырлар жыры) жинақтары осы барыстағы табанды еңбектерінің нәтижесі болды. Соған қоса, Базарбек Қайырбекұлы – «Қазақтың дәстүрлі 1000 әні», «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» антологияларын шығарушылардың бірі. Ал

этномузыкалық экспедиция арқылы шетелдегі ағайындар ортасынан жоғалу қаупінде тұрған 2000-ға жуық күйімізді жинап, таспаға түсіру – бүгінгі ұлт руханияты үшін орасан олжа.

Ұлы Абай ілімі – ұрпаққа бағдар

Ғалым ретінде де Базарбек Қайырбекұлы тың тақырыптарға барып, қазақ әдебиетін зерттеуде жаңаша көзқарас ұсынды. «Қазақ көркем аудармасының бастауы: Абай мектебі» атты монография-

сы – қазақ әдебиеттануына қосылған сүбелі еңбек. Бұл еңбекте Абайдың аудармашылық дәстүрін, көркем ойлау жүйесін, тәржімалық мектебінің негіздерін терең талдаған. Автордың өзі аталған еңбекті ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының кітапханасына ресми түрде тапсырды.

Сонымен қатар, ол Абай шығармаларындағы адамгершілік, әділдік, білім мен рухани дамуға қатысты мазмұнды дәрістер оқып, мемлекеттік қызметкерлерге арналған тағылымды кездесулер өткізді. Бұл – ұлы ойшылдың мұраларын бүгінгі қоғамға бейімдеп, оны тәрбиелік құндылық ретінде насихаттау жолындағы сүбелі жұмыс.

Рухани сабақтастық жаршысы

Базарбек Атығаевтың қатысуымен өткен тағы бір тағылымды шара – «Әке мен бала: ұрпақтар сабақтастығы» атты ғылыми-танымдық кездесу болды. Бұл басқосу Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы мен кемеңгердің ұлы Тұрағұлдың 150 жылдығына арналды. Ол өз баяндамасында Абай мұрасын жалғаған Тұрағұлдың әдеби-танымдық келбетін ашып, жастарға өнегелі өмір жолын үлгі етті. Кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, рухани сабақтастықты насихаттау, ұлттық дүниетанымды кеңейту – осындай іс-шаралар арқылы жүзеге асып жатқаны анық. Бұл жолда Базарбек Қайырбекұлы – ел сеніміне ие болған зиялы азамат ретінде танылып отыр.

Ұлттық мәдениетіміз бен руханиятымыздың игілігіне сіңірген жанкешті еңбегі үшін берілген «Құрмет» ордені – тек марапат емес, бұл – әріптесіміз үшін жаңа белес, әрі үлкен жауапкершілік деп білеміз.

Ол – бүгінгі мәдениет майданындағы тынысы терең, болмысы бекем, ұлттың үнін әлемге танытқан қайраткер. Шығармашылық табыс пен толағай істеріңіз баянды болғай, руханият жанашыры!

Т. ДЕРБИСАЛИН.

БАЙҚАУ

«ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ»

миллион теңгеге дейін грант ала алады

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі» қоғамдық қоры «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру мақсатында ауқымды іс-шараларды жүзеге асырып жатыр.



Нұржамал Әліш

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Алмаз Кеңесбай мен «Адырна» қо-

ғамдық қорының жетекшісі Кәрім Ислам осы байқауға толығырақ тоқталды.

Жобаның негізгі мақсаты – Тәуелсіз Қазақстанның дамуына үлес қосып жүрген заманға сай білімді, бастамашыл және отаншыл жас ұрпақты қолдау. Гранттар жастардың инновациялық,

шығармашылық, ғылыми, кәсіпкерлік, мәдени және әлеуметтік жобаларды іске асыруына мүмкіндік бермек. Өтініштер биылғы 1 мамыр – 1 тамыз аралығында қабылданады.

Байқау ғылыми зерттеулер мен жобаларды қолдау; ұлттық мұраны насихаттау; IT шешімдер мен стартаптар; жаңа бизнес-идеяларды іске асыру; танымдық және пайдалы контент құру бағыттарын қамтиды.

Әр гранттың сомасы – 1 000 000 теңге. Жалпы 13 жеңімпаз анықталады.

КӘСІПТІҢ ҚЫР-СЫРЫ ҮЙРЕТІЛДІ



өтеп шыққан соң, осы сертификатпен жұмысқа орналасып, табыс тауып, өмірін жаңа арнаға бұра алады. Мемлекет басшысы жариялаған «Жұмысшы мамандықтары жылы» осы саланың беделін арттырып, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне

жаңа леп әкелетіні сөзсіз. Біздің басты міндетіміз – сотталған балалардың осы мүмкіндікті тиімді пайдалануына дәнекер болу, – дейді №11 мекеме басшысы, әділет полковнигі А.Сүлейменов.

Нұр ЖАМАЛ.

ДУАЛДЫ ОҚЫТУ

ТӘЖІРИБЕСІ БАР ТҮЛЕК

жұмыссыз қалмайды

Шаһарда «Дуалды оқыту аясында студенттердің кәсіби дағдыларының озық тәжірибелерін көрсету» тақырыбында кең ауқымды workshop өтті.



Досбол АТАЖАН

Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің бастамасымен және жұмыс берушілердің қолдауымен ұйымдастырылған іс-шараға Алматы әкімдігінің, қалалық мәслихаттың, сондай-ақ қоғамдық кеңестің өкілдері мен Алматы қаласының колледж директорлары, студенттер қатысты.

Бұл алаң техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі мен жұмыс берушілер арасындағы байланысты нығайтуға, жұмысшы мамандықтарды дәріптеуге, сондай-ақ дуалды оқыту нәтижелерін тәжірибе жүзінде көрсетуге бағытталған. Одан бөлек,

workshop жұмысшы мамандықтарының беделін арттыра отырып, аспаздық, наубайхана мейрамхана сервисі және кондитерлік өнер саласындағы заманауи технологиялармен тәжірибе алмасу, студенттердің еңбек нарығына дайындық деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылды.

Workshop барысында студенттер мен өндірістік оқыту шеберлері өз кәсіби шеберліктерін көрсетті. Атап айтқанда, кәсіби мамандар мен студенттер біріге жасаған шоколад фонтаны, молекулалық асүй тағамдары, ерекше безендірілген торт, карвинг (көркем туралған) жасалған жеміс-жидектер таныстырылып, бармендер шоуы өтті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айнұр МҰҚАЖАНОВА, Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің директоры:

Әлемдегі ең заманауи оқыту тәсілі

Дуалды оқыту – еліміз бен әлемдегі ең заманауи білім беру тәсілі. Сол арқылы білім алып, тәжірибе жинаған 3-курс студенттері өздерінің не үйренгенін көрсетті. Студенттеріміздің 60 пайыздан астамы тәжірибе жинайтын орындарда, яғни жұмыс берушілердің жанында жүреді. Балалар 1-курста теорияны оқиды да, одан кейін тәжірибе жинайды. Мұндай оқыту тәсілінің тиімділігі сол – колледжден соң, жұмыс берушілер бірден жұмысқа алады. Мысалы, InterContinental Almaty қонақүйінің асханасында біздің түлектеріміз жұмыс істеп жүр.



ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Алматыдағы Республика сарайында мәдениет және өнер қызметкерлері күніне арналған салтанатты іс-шара өтті. Мәдениетті дамытудағы елеулі еңбегі үшін 50-ден астам шығармашылық сала өкіліне мемлекеттік награда табысталды.



Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығына сәйкес, Алматы қаласы музейлер бірлестігінің ғылыми қызметкері Ерболат Әуезов «Парасат» орденімен марапатталды. «Құрмет» ордені Орталықтандырылған кітапхана жүйесі филиалының меңгерушісі Қуаныш Исабековаға, «IL CANTO» вокалды квартетінің солистері – Мақсат Саматов, Жігер Сатханов, Болат Қанағатовқа, сондай-ақ «Сазген сазы» фольклорлы-этнографиялық ансамблінің артисі Ықылас Нұрғалиевке табысталды.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен «Алатау» дәстүрлі өнер театрының артисі Алма Аманжолова, Қазақ мемлекеттік циркінің акробаты Нұрлан Алшынбаев және «5-студия TV Production» директоры Толқын Садықова марапатталды. «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы Мемлекеттік қуыршақ театрының актрисасы Күлжәмила Ильясоваға, композитор Владимир Питерцевке, суретші Рустам

Мұсаевқа және актриса Жарқинай Шалқарға берілді.

«Алматы – еліміздің мәдени астанасы. Бұл жерде ұлт мақтанышына айналған Мұхтар Әуезов, Шәкен Айманов, Шара Жиенқұлова, Роза Бағланова сынды тұлғалар еңбек етті. Бүгінде олардың ісін Алматыда жемісті еңбек етіп жатқан талантты мәдениет қайраткерлері жалғастырып келеді. Біз бұны мақтан тұтамыз», – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова.

Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатына Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының артисі Аяжан Қуанышәлиева мен халықаралық байқаулардың лауреаты Ұлболсын Кенжебайқызы лайық деп танылды.

«Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен Алматы хайуанаттар бағы директорының орынбасары Ағыбай Әжібаев, Мемлекеттік қуыршақ театрының артисі Болат Момынжанов және эстрадалық-симфониялық оркестрдің артистері Владимир Демченко, Рима Ахметова, Айнаш Жайылбекова-Сарбуфина, Мейіргүл Жалпақова, Ботагөз Қойшыбаева, Валерий

Насибулин және Алексей Тимофеев марапатталды.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің Құрмет грамотасына Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің кітапханашысы Гүлбаршын Бұланбаева және дирижер Никита Беляков ие болды. Министрдің Алғыс хаты Алматы хайуанаттар бағының қызметкері Бағила Ибрагимоваға берілді.

«Мәдениет – өмірімізге мән мен сұлулық беретін, адамзат дамуының қозғаушы күші. Бүгін тек белгілі артистер ғана емес, сахна сыртында еңбек ететін жандардың да құрметке ие болғаны ерекше қуантады. Мен үшін қарапайым Алғыс хаттың өзі – үлкен марапат, бұл – сені бағалап, еңбектің елеусіз қалдырмағанын білдіреді. Алматы – мәдени астана, оның дамуы – өз ісіне адал жандар мен қалалық әкімдіктің қолдауының нәтижесі», – деді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, эстрада және опера әншісі Толқын Забиров.

Сондай-ақ, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың атынан өнер мен мәдени мұраны дамытуға қосқан үлесі үшін 25 мәдениет саласының өкілі Алғыс хатпен марапатталды. Олардың қатарында: Сағымгүл Қарабалина, Раузия Тұрсынбекова, Игорь Благодарный, Бақыт Әлдибеков, Толқын Забиров, Венера Алпысбаева, Әлияр Өтетілеу, Асылбек Еңсепов, Бахтияр Тайлақбаев, Татьяна Адельгазинова, Лаура Шүленбаева, Батыр Жанұзақ, Марлен Маратов, Қайрат Ботабеков, Аида Кауменова, Шоқан Мұратхан, Сәрсенбай Қали, Әсия Хайрулина, Камилла Ли, Анар Әбжанова және Нәлли Бубэ бар.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Алматылық қолөнершілер халықаралық аренаға шықты. Олардың қолынан шыққан бұйымдар бүгінде қазақ мәдениетінің көрінісі ретінде қабылданып, олар өткізетін жәрмеңкелер туристерді тартатын, экономиканы алға сүйрейтін күшке айналып келеді.

ҚОЛӨНЕР КӨШТЕН ҚАЛМАЙДЫ

Алматы – қолданбалы өнердің мәдени брендіне айналды



Нұржамал ӘЛІШ

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қолөнершілер палатасының вице-президенті Дәмелі Жанашева мәлімдеді.

Былтыр жыл соңына таман Алматы Қолөнер жөніндегі әлемдік кеңестің (WCC) шешімімен қолөнер мен қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары бағыты бойынша Дүниежүзілік қолөнершілер қалаларының тізіміне енген болатын. Бұл жаңа

лық қазақстандық шеберлердің жұмысына жаңа серпін беріп, алматылық өнімге шетелдік нарықта сұранысты арттырды. 2014 жылдан бері жұмыс істейтін бұл кеңеске бүгінде дүние жүзінің 60 қаласы кіреді. Алматы халқымыздың ұлттық және мәдени кодын ұлықтайтын – қолөнер мен қазақтың ұлттық аспаптары бағытын таңдады. Сөйтіп, мегаполис қолөнершілер өнімдерін әлемдік жәрмеңкелерде ұсынуға мүмкіндік алды.

Былтыр Алматыда 1300-ге жуық қолөнер шебері қатысқан 17 жәрмеңке өткен.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Дәмелі ЖАНАШЕВА,
Алматы қолөнершілер палатасының вице-президенті:

ЖАС ШЕБЕРЛЕРДІ ҚОЛДАЙМЫЗ

Біздің қолөнердің халықаралық деңгейде мойындалуы шеберлеріміздің бұйымдарын ұлттық брендке айналдыруға жол ашты. Басқа елдерде жәрмеңкелер көбіне кәдесый өнімдерін сату үшін ұйымдастырылса, Алматыда қолдан жасалған киім, аяқкиім, бас киім, ыдыс-аяқ, музыкалық аспаптар мен сәндік бұйымдардың алуан түрі бар. Қазір айына екі рет өтетін Алматы жәрмеңкесіне келушілер саны артып келеді. Әр жәрмеңкеге орта есеппен 80–100 шебер қатысады. Біздің палата жас шеберлерге қолдау көрсетіп, профильдік колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттеріне жәрмеңкеге қатысуға мүмкіндік бермек. Сондай-ақ, маркетинг, әлеуметтік желілерде алға жылжу және бизнесті жүргізу бойынша кеңес береді. Өз ісін енді бастаған ерекше шеберлерге жәрмеңкеге тегін орын ұсыну да – палата жұмысының бір бөлігі.

ЖАСТАР САЯСАТЫ

ЖАҢА МҮМКІНДІК

Президенттік жастар кадр резервіне төртінші іріктеу басталды

Шілдеде елімізде Президенттік жастар резервіне іріктеудің төртінші – жаңа кезеңі басталмақ. Дарынды жастар осы бағдарлама арқылы өзін көрсетіп, мемлекеттік қызметте карьера жасай алады.



Нұржамал ӘЛІШ

Алматының Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Департаментінің басшысы Мақсат Жаңбыршин алдағы іріктеу жұмысының барысын, оның кезеңдерін, квоталар мен өзгерістері жайлы айтты.

Президентіміздің бастамасымен құрылған Президенттік жастар резерві дарынды, жаңаша ойлайтын жастарды мемлекеттік басқаруға тартуды көздейді. Бағдарлама басталғалы бері іріктеу жұмысы үш рет – 2019, 2021 және 2023 жылы өткен. Оған 60 мыңнан астам жас қатысып, олардың ішінен 400 адам резервке іріктеліп алынды. Олардың шамамен 80 пайызы мемлекеттік органдар мен әртүрлі ұйымға жұмысқа орналасқан.

Биылғы іріктеудің басты ерекшелігі – кандидаттарды сала-салаға бірдей етіп бөледі. Әр бағытқа квота беріледі. Іріктеу жұмысы да барынша қатаң болмақ. Кандидаттарға қойылатын жалпы талап өзгерген жоқ: 35 жасқа дейінгілер; жоғары білімінің болуы; кем дегенде бес жыл жұмыс өтілі; қазақ тілін В1 деңгейінен кем білмеуі тиіс. Ал іріктеуге қатыспайтындар: Президенттің өзі тағайындағандар; саяси қызметкерлер; «А» корпусындағы әкімшілік қызметкерлер; кадрлық резервке кіріп үлгергендер.

Іріктеу жұмысы биылғы шілдеден қазанға дейінгі аралықта алты кезең бойынша өтеді. Толық ақпаратты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық Департаментінен (телефоны (727) 254-90-31, (727) 254-90-29) білуге болады.

КӘСІПКЕРЛІК

«БИЗНЕС АРУЫ – 2025»

Алматы қаласында колледж студенттері арасында «Бизнес Аруы – 2025» республикалық байқауы өтті. Жастарды кәсіпкерлікке баулуға бағытталған бұл байқау ҚР Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен ұйымдастырылды.



Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

Байқаудың мақсаты – қыз балалардың кәсіпкерлік қабілетін дамыту, көшбасшылық қасиеттерін ашу және өз ісін бастауға ынталандыру. Іріктеуден өткен командалар Алматыдағы Алматы Менджмент университетінің алаңында бас қосып, Canvas форматында бизнес-жобаларын қорғады. Сонымен қатар, қатысушылар шығармашылық байқауда да өз өнерлерін көрсетті. Республикалық кезеңді өткізуге Алматы қаласы Білім басқармасы, Кәсіпкерлер палатасы және бірқатар бизнес құрылымдары атсалысты. Ал байқауды Халықаралық бизнес академиясы колледжі жанындағы «Business Startup» орталығы бас болып ұйымдастырған.

Панельдік пікірталаста кәсіпкер әйелдер мен қолға қайраткерлері тәжірибелерімен бөлісіп, жастарды шабыттандырды және жеңімпаздарды марапат-



тады. Спикерлер қатарында медиа-менеджер Дина Төлепберген, зергерлік бренд өкілі Сымбат Аралбаева, Forbes Woman директоры Зүлфия Хайбулина, мәслихат депутаты Қарашаш Жүзеева және басқа да танымал кәсіпкерлер болды. Жеңімпаздарға ҚР Оқу-ағарту министрлігінің грамоталары, дипломдар мен естелік сыйлықтар табысталды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл байқау жас кәсіпкер арулардың шынайы әлеуетін көрсетіп, болашақ іскерлікке деген ынтасын оятуға ықпал етті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Альфия ХИСМАТИЛЛУНА, Халықаралық бизнес академиясы колледжінің директоры:

ЕРЕКШЕ ӘРІ МАҢЫЗДЫ БАСТАМА

«Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында студент қыздар арасында мұндай ауқымды кәсіпкерлік жарыс алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Бұл – ерекше әрі маңызды бастама. Турнирге өңірлік кезеңдерден іріктеліп, үздік деп танылған қатысушылар келді. Әрбір қатысушы өздерінің бизнес-жобаларын ұсынып, қазылар алқасының алдында қорғады. Ал қазылар алқасының құрамына елімізге танымал, беделді азаматтар шақырылды. Байқау – жастар үшін үлкен тәжірибе мектебі, болашақ кәсіпкерлік жолына берілетін нақты бір қадам деп ойлаймын.



ӨНЕР КЕШІ

ДӘСТҮРЛІ ӘН МЕКТЕБІ

Алматыдағы №2 Оқушылар үйінде салтанатты кеш өтті



«Ән – өмірдің қанаты» атты өнер кеші «Домбырамен ән салу» үйірмесінің бітіруші түлектерін шығарып салуға арналды. 7 жыл бойы тәлім алған өнерлі жастарға дәстүрлі ән мектебін бітіргені туралы куәлік табысталды.

Түлектерді «№2 Оқушылар үйінің» ардагер ұстазы Елена Диарова, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сәуле Карсенқызы құттықтады. Іс-шара барысында түлектер «Домбырамен ән салу» үйірмесінен үйренген өнерлерін ортаға салып, бірнеше халық әндерін орындады.

Үйірмеге қатысқан оқушылар осынау жылдар бойы дәстүрлі өнердің әліппесінен бастап, ән өнерінің әртүрлі қырын үйренді. Салтанатты кешке қатысқан ата-аналардың да ризашылығы зор болды. Сонымен қатар, түлектердің орнын басқан үйірменің ең кішкентай ізбасарлары да өз өнерлерін көрсетті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлжамал ТАУЫШОВА,
«Домбырамен ән салу» үйірмесінің педагогы:

Баға жетпес байлық

Дәстүрлі ән – ұлттық мәдениетіміздің басты құндылығы, халықтың баға жетпес мұрасы. Жалпы, ұлттық өнерге деген махаббат, адамның бойында биік талғамды қалыптастырады. Ұлтқа деген құрметті арттырады. Себебі, бір ән – бір тарих, ал ұлттық әуен – ұлт рухының тынысы. Әннің қанат жайып қалықтауы – орындаушыдан бұрын, тыңдарманның талғамымен өлшенетін құбылыс. Міне, дәстүрлі өнердің жанашыры ретінде тыңдарман қатары көбейіп, жас ұрпақ дәстүрлі өнерге бет бұрса деймін. Осынау жылдар бойы дәстүрлі өнердің әліппесін меңгерген шәкірттерім күні ертең халқымыздың өнерінің дамуына үлес қосары анық.

Түркісіб ауданындағы №187 бөбекжай-балабақшада өткен спорттық сайысқа бүлдіршіндер ата-аналарымен қатысты. «ASYK PARTY» деп аталатын отбасылық жарысқа қатысқандар «Тұмар» және «Алау» атты екі командаға бөлініп, «Асық ату», «Тұмақ ұру», «Садақ ату», «Бес тас», «Бұқа тартыс», «Бестемше» және «Арқан тартыс» сынды ұлттық спорт түрлерінен жарысқа түсті.

Таза ауа, ашық аспан астында өткен спорттық додаға қатысушылар өздерінің ептіліктерін, сергектіктерін танытып, салауатты өмір салтын ұстанғандарын көрсетті. «Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Демек, өз кезегінде көп ойнап, жүгіріп, таза ауада жүру жас организмнің дұрыс та сергек өсуінің көзі. Онымен бірге бүлдіршіндер ойын ойнаған кезде көпшіл, Отанның болашақ азаматы болуға, халқына адал қызмет етуге бағыт алады. Бұған өзім куә болып отырмын», – деді Қазақстанның Еңбек Ері Аягүл Миразова.

Ардагер ұстаз ұрпақ тәрбиесі туралы өзінің өмірлік ұстанымы мен тәжірибесін ортаға салды. Арнайы уақыт бөліп, саналы ұрпақ тәрбиелеуге атсалысқан ата-аналарға ризашылығын білдірді. Жарыс қорытындысы бойынша «Тұмар» командасы жеңіске жетіп, бас жүлдеге ие болды.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы, ғалым Нұртас Оңдасыновты еске алуға арналған «Оңдасынов оқулары» атты ғылыми-практикалық конференция аясында университетте Нұртас Оңдасынов атындағы дәрісхана салтанатты түрде ашылды.

Жаңа дәрісхананың лентасын қию құрметіне Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, QyzPU түлегі Асылы Осман, ҚР Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, нұрстанушы Гүлсім Оразалықызы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының мүшесі, химия ғылымының докторы, профессор Абдуали Баешұлы ие болды.

Конференцияға білім ордасының Басқарама Төрағасы – Ректор Гүлмира Қанай, профессорлық-оқытушылық құрам, студенттер, сондай-ақ танымал ғалымдар мен Оңдасынов әулетінің өкілдері қатысты. Салтанатты іс-шарада QyzPU ректоры сөз алып: «Бұл іс-шара – қазақ қыздарының білім алуы жолындағы күрескер тұлғаға көрсетілген құрмет пен тағзымның айқын көрінісі», – деп баға берді. Конференция барысында білім беру саласындағы өзекті тақырыптар талқыланды. Сонымен қатар, қазақ мемлекетінің дамуына зор үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновтың өмір жолы мен еңбегі кеңінен зерделенді.

«Қаншама еңбектің нәтижесінде сол кездегі Қазақ мемлекеттік

ЖАС ТҮЛЕК – 2025

ДАҒАЗАЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Алматы қаласы Білім басқармасы барлық мектеп басшылары мен мектеп бітірушілердің ата-аналарының қатысуымен қажетсіз шығындардың орынсыздығы туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Педагогикалық әдепті сақтау және сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында мектеп бітіру іс-шараларына дайындық

«ОҢДАСЫНОВ ОҚУЛАРЫ»

QyzPU-да тағылымды ғылыми-практикалық конференция өтті



қыздар педагогикалық институтының ашылуына рұқсат алған – Нұртас Оңдасынов. Ол бір естелігінде: «осы институттан қыздардың тұңғыш рет білім алып, қолдарына дипломын ұстап, шалғайдағы ауылдарға аттанғанын көргенде, қатты тебіреніп, көзіне жас алғанын» жазады.

Қазір міне, аталмыш білім ордасынан көптеген білімді қыздар, көрнекті тұлғалар шықты. Мұның

бәрі Нұртас Оңдасыновтың арқасы десем, артық айтқаным емес», – деді нұрстанушы Гүлсім Оразалықызы. Бұл іс-шара – ғылыми пікір алмасумен қатар, жас ұрпаққа тағылым беретін маңызды алаңға айналды. Мұндай басқосулардың ғылым мен білім саласындағы ынтымақтастықты нығайтудағы, ұлттық рухты көтерудегі, мәдени-тарихи мұраны сақтаудағы маңызы зор.

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ

«МЕКТЕБІМ, САҒАН МЫҢ АЛҒЫС!»

Еліміздің мектептері биылғы оқу жылын «Білімім – Отаныма» атты бірыңғай сынып сағаттарымен аяқтаса, мектеп бітіруші түлектерге арналған «Мектебім, саған мың алғыс!» атты салтанатты іс-шара 24 мамырға жоспарланып отыр.

Жалпы, еліміздің әр өңіріндегі мектептер соңғы қоңырауды өткізу үшін жұма немесе сенбі, яғни өздеріне қолайлы күнді таңдауына болады. Биыл 9 және 11-сынып түлектерінің қорытынды емтихандары 29 мамыр мен 16 маусым аралығында өтіп, аттестат тапсыру салтанаты 18–20 маусымға белгіленіп отыр.

Ағымдағы жылы елімізде алғаш рет жоғары сынып оқушыларына жұмысшы мамандығы біліктілігін беру бойынша пилоттық жоба іске асырылып жатқаны белгілі. Пилоттық жобаға 150-ге жуық колледж бен мектептің 2 мыңға жуық оқушысы қатысқан еді.

Бұл ретте олардың кәсіптік даярлығы колледждер базасында, ал жалпы білім беру пәндерін меңгеруі мектептерде өтіп жатыр. Сондықтан мектеп бітіруші түлектер 11-сыныпты бітіргеннен кейін аттестат қана емес, орта техникалық білім туралы диплом да алатын болады. Осылайша биылғы мектеп бітіруші түлектің 905-і орта техникалық білім туралы дипломды да қоса алып шығады.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР



САРАПТАМА

Сабақ аяқталады – жаз басталады:

БАЛАЛАР ДЕМАЛЫСЫ

маңызды мәселе

Мектеп және колледж:
үлкен өмірге қадам

Мектеппен қоштасу – үлкен өмірге қадам. Биылғы оқу жылын 3,9 миллион оқушы аяқтамақ. Оның 217 мыңы – мектеп бітіруші түлектер. Негізгі қорытынды емтихандар 29 мамыр мен 16 маусым аралығында өтеді. Министр Ғани Бейсембаевтың мәліметіне сүйенсек, Жалпы білім беру ұйымдарында 2024 жылғы соңғы қоңырау «Білім – Отаным» атты сынып сағаттарымен тәмамдалмақ. Ал түлектерге арналған «Мектебім, саған мың алғыс!» атты қоштасу шарасы 23-24 мамырға жоспарланған. Аттестаттар 18–20 маусым аралығында табысталмақ.

«Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында колледждерге ерекше назар аударылып отырғаны белгілі. Биыл еліміз бойынша 550 мыңнан астам студент техникалық және кәсіптік білім алып жатыр. Оның ішінде 173 мыңы – оқуын тәмамдайды. Министрліктің мәліметінше, 4 мыңнан астам кәсіпорын колледждерге қамқорлық көрсетуде. Тағы бір маңызды қадам – «Педагог-кәсіби бағдарлаушы» лауазымы алғаш рет ресми түрде бекітілді. 905 жоғары сынып оқушысы жалпы білім туралы аттестатпен қатар, жұмысшы біліктілігі бойынша диплом алды. 2,5 млн мектеп оқушысы кәсіби бағдарлаушы шараларымен қамтылған. 104 колледждің материалдық-техникалық базасы жаңартылды. Студенттердің тұрмыс жағдайын жақсарту үшін 2 мың орынға арналған 8 жатақхана пайдалануға берілді. Бизнес өкілдері 8 мыңнан астам білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысты.

ҰБТ және
«Жаздық жолдама» жобасы

Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұловтың мәліметтеріне жүгінсек, биыл 16 мамырда бастау алған Ұлттық бірыңғай тестілеу 7 шілдеге дейін 46 аймақтық орталықта өтеді. Тестілеу күнін, уақытын және пунктін талапкерлер өздері таңдайды. Оларға осы аралықта тестілеуді екі рет тапсырып, ең жоғары нәтижемен грантқа үміттенуге мүмкіндік беріліп отыр. 2025 жылы 217 мыңға жуық талапкер оқуды бітірмек, оның ішінде 183 мыңы ҰБТ-ға тіркелген, бұл – өткен жылмен салыстырғанда, 30 мыңға артық. Талапкерлерге тестілеуді екі рет тапсырып, ең жоғары нәтижемен грантқа үміттенуге мүмкіндік беріліп отыр.

ҰТО ақпараттық желілері мен жүйелері ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келеді. ҰБТ өткізу пункттері заманауи қауіпсіздік құралдарымен жарақталған: бейнебақылау, бетті тану жүйесі, интернет тұрақтылығы – бәрі талапқа сай. Ал грант конкурсына өтінімдер 13–20 шілде аралығында қабылданып, нәтижесі 10 тамызға дейін белгілі болады.

Балалар демалысын ұйымдастыру – Үкімет назарындағы маңызды мәселе. Биыл жазда 3,2 миллион оқушы еліміздің 10 мыңнан аса демалыс орнында тынығатын болады. Әлеуметтік осал санаттағы балаларға ерекше назар аударылады. Бір ғана «Қазақстан халқына» қорының «Жаздық жолдама» жобасы арқылы 10 мың бала тегін демалысқа жіберілмек.

Жоғары білім қолжетімді ме?

Бүгінде елімізде 122 жоғары оқу орны, оның ішінде 10 зерттеу жоғары оқу орны және 23 филиал жұмыс істейді. Мемлекеттік гранттар саны соңғы 5 жылда 1,4 есе артып, биылғы оқу жылына 93 мыңнан астам грант бөлінді. Сонымен қатар, 1 қыркүйектен бастап стипендия көлемі де артпақ. Атап айтсақ: бакалавр – 52 372 теңге, магистратура – 117 098 теңге, докторантура – 262 500 теңге. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қабылданған «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізу жөніндегі ҚР Заңы азаматтардың жоғары білімге қолжетімділігін қамтамасыз етудің

20 мамырда өткен Үкімет отырысында балалардың жазғы тынығуы, оқу орындарының санитариялық ахуалы және жаңа тамақтану стандарттары секілді маңызды мәселелер күн тәртібіне қойылды. Жазғы демалыс пен оқу маусымына қатысты кешенді шешімдер қабылданды. Бұл – балалардың қауіпсіздігі мен саулығы – мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі екенінің дәлелі. Онда мектеп оқушылары мен студенттер үшін оқу жылының аяқталу барысы және жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған студенттерді мемлекеттік қолдау шаралары, осы саладағы жаңа бастамалар кеңінен сөз болды. Тиісті сала министрліктерінің жазғы демалыс кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру жөніндегі бағдар-шаралары тыңдалды. Бұл – ел болашағы саналатын жас ұрпақтың тәрбиесі мен білім сапасына қатысты маңызды үдеріс. Олай болса, тақырыпқа орай Үкіметтегі алқалы жиында қозғалған негізгі бағыттарға, мәліметтер мен деректерге шолу жасап, оқырман назарына ұсынып көрейік.



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

қосымша тегі ретінде қолданыстағы қолдау шараларын үйлестірімек. Жатақхана мәселесі де біртіндеп шешімін тауып келеді – 2019 жылы 82 500 орын (!) тапшы болса, биыл бұл көрсеткіш 14 873-ке дейін азайған! Ал ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін жатақханаларда орын беру жөніндегі мемлекеттік қызмет проактивті формат бойынша ұсынылады.

Мектеп медицинасы және
жаңа тамақтану стандарты

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова келтірген деректерге сүйенсек, елімізде жұмыс істейтін 7 мыңнан астам мектептің

әрқайсысы емханаға бекітілген. Бүгінгі таңда олардың 95%-ы медбикелермен қамтылған. Өткен жылы оқушылардың 90%-ы профилактикалық тексеруден өткен. Енді мектеп медицинасын жаңғырту шеңберінде стоматологиялық кабинеттер ашу, жүктемені азайту және цифрландыру сияқты шаралар қолға алынууда. Санитарлық талаптар – білім беру сапасының ажырамас бөлігі.

2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап мектептерде тамақтанудың жаңа стандарты енгізіледі. Бұл стандарт семіздік, диабет, жүрек-қан тамыр аурулары сияқты індеттермен күреске бағытталған. Қантты 3,6 есеге, тұзды 5 есеге дейін азайту – осы бағыттағы нақты қадам.

Сонымен қатар, алғаш рет «Жеуге жарамсыздық индексі» түсінігі енгізілді. Бұл тағам сапасына деген оқушылардың көзқарасын бағалауға мүмкіндік береді. Ас блоктары жоқ шағын мектептер үшін де арнайы мәзір дайындалып жатыр.

Жол картасы: ішкі туризм

Балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытуға арналған 2029 жылға дейінгі «Жол картасы» – ішкі туризмді ынталандырудың жаңа кезеңіне айналмақ. Жиында айтылғандай, Kids Go Free бағдарламасы аясында мыңдаған бала ел ішінде тегін сапар шегуге мүмкіндік алды. Бұл – тек демалыс емес, отаншылдық пен мәдени танымды арттырудың бір жолы. Сонымен бірге, Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан ұйымдастырылатын спорттық жарыстар, театр, мұражай, кітапханаларға тегін кіру мүмкіндігі – балалардың бос уақытын тиімді өткізуге бағытталған маңызды бастамалар. Әсіресе, ерекше білім қажеттілігі бар балалар үшін инклюзивті спорттық жобалардың қолға алынуы – әлеуметтік теңдікті қалыптастыратын бағдар.

Жазғы жұмыс және
мансаптық бағдарлау

Енді оқушылар мен студенттер үшін жаз мезгілінде қоғамдық жұмыстарға қатысу, уақытша жұмыс істеу мүмкіндігі кеңейіп отыр. «Мансап компасы» платформасы – мектеп түлектерінің кәсіби бағдарлануына көмектесетін заманауи құрал. Жалақысы 94 мың теңгеден кем емес жұмыс орындары – жасөспірімдер үшін алғашқы еңбек тәжірибесі әрі материалдық қолдау болмақ.

Қауіпсіздік – ортақ жауапкершілік

Жаз – қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударатын кезең. Су айдындарындағы қауіпсіздік, жол-көлік оқиғаларының алдын алу, төтенше жағдайлардың алдын алу – ТЖМ және жергілікті әкімдіктердің бірлескен жұмысының басым бағыттары. Осы орайда балалар демалыс орындарындағы қауіпсіздік – басты назарда. Әрбір лагерьге санитариялық қызмет мамандары бекітіліп, ата-аналарға ресми тізімдегі демалыс орындарын ғана таңдауға кеңес берілуде.

Жазғы мезгіл – тек демалыс кезеңі ғана емес, сонымен қатар балалардың денсаулығын, қауіпсіздігін және дамуын қамтамасыз етуде жүйелі жұмыс жүргізуді талап ететін маңызды уақыт. Жиында мемлекеттік органдарға жазғы маусымда балалар демалысының негізгі бағыттары бойынша нақты тапсырмалар берілді.

Басты құндылық

Үкімет отырысынан түйгеніміз: елімізде балалар мен жастардың сапалы білім алып, жазғы демалысын тиімді өткізуіне және еңбекке ерте бейімделуіне жан-жақты жағдай жасалып келеді. Қабылданған кешенді шаралар – балалардың демалысын ұйымдастыру ғана емес, болашағын қалыптастыру жолындағы стратегиялық бетбұрыс. Ерекше айта кетерлік жәйт, жаңа оқу жылы басталғанға дейін Президент тапсырмасы бойынша «Қазақстан балалары» бірыңғай бағдарламасы дайындалады.

Бала – ұлт болашағы десек, олардың қауіпсіздігі мен денсаулығы – мемлекеттің басты құндылығы. Ендігі міндет – жиында бекітілген жоспарларды жергілікті деңгейде мінсіз орындау. Себебі, жаз – демалу маусымы болғанымен, келесі оқу жылының негізі дәл осы кезеңде қаланбақ.

БӘРЕКЕЛДІ!

Жаһандық жоба:

ЖОШЫ ЖОЛЫ

«Алтын империя» тарихи сериалының түсірілімі аяқталды

Сонымен, елімізде тарихи шындықты көркем өнермен сабақтастырған ерекше ауқымды халықаралық жоба мәресіне жетті. Алматы мен Астанада басталып, Суықтөбеде Тамғалы тасқа дейін жалғасқан осынау кино-сапар «Алтын империя» атты тарихи сериалдың түсірілім жұмыстарының аяқталуымен түйінделді. Бұл – Жошы хан туралы таспаға түскен алғашқы халықаралық кинотуынды.

Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының павильондарында және еліміздің табиғи локацияларында түсірілген The Golden Empire атты халықаралық тарихи телехикаяның түсірілім жұмыстары ресми түрде аяқталды. Сюжеттік желісі Алтын Орданың негізін қалаған Жошы ханның өмірі мен көшпелі өркениеттің терең тарихын қамтитын бұл туынды толығымен Қазақстанда түсірілген. Көшпенділер қаласы, Тамғалы Тастың петроглифтері, Суықтөбе мен Қимасар сынды тарихи-мекендік кеңістіктер қамтылды. Ең басты ерекшелігі – бұл сериалда қазіргі заманға тән компьютерлік көмек араластырылған жоқ, барынша табиғи ландшафттар мен ұлттық рух сіңген киелі жерлерге басымдық берілді. Бір сөзбен айтқанда, XIII ғасыр кеңістігі қаз-қалпында қайта тірілгендей әсер береді. Бұл – Жошы хан мен Алтын Орда дәуірін алғаш рет әлемдік аудиторияға шынайы әрі көркем түрде ұсынатын тұңғыш жоба.

Фильм тізгінін бұған дейін Netflix платформасындағы «Осман империясының өрлеуі» және «Өсиет: Мұсаның тарихы» сияқты жоғары рейтингілік жобаларымен танымал түрік-америкалық Karga Seven Pictures компаниясы мен «Dara» Президенттік бастамалар қоры бірігіп қолға алғанын айтқан жөн. Шоураннер әрі режиссер – Эмре Сахин.

Кастингке әлемнің әр түкпірінен – Ұлыбританиядан Моңғолияға дейін 4000-нан астам өтінім түсіп, 350 актер іріктелген. Солардың ішінде продюсерлер қазақстандық актерлердің кәсібилігі мен образға жан-тәнімен ену қабілетін айрықша атап өтуде. Мұның өзі ұлт өнерінің өрісін кеңейткен сәттердің бірі десек, қа-



(Фотосуреттер: Юджиния Берман).

телеспеспіз. Жобаға жұмылдырылған 700-ден астам маманның 70 пайызы – қазақстандық кәсіби мамандар. Бұл отандық киноиндустрия үшін де үлкен мектеп. Nomad Stunts каскадерлер тобының қатысуымен тарихи шайқастар мен жекпе-жектердің әсерлі хореографиясы қойылған. 200-ге дейін шабандоз қатысқан көріністер – көшпенділер мәдениетінің рухын жаңғыртатын көркем эпизодтар.

«Алтын империя» – көркем туынды ғана емес, ұлттың тарихи зердесін жаңғыртуға бағытталған рухани жобаның бір тармағы. Сценарий авторлары – халықаралық тарихшылар мен кәсіби драматургтер: Джастин Поллард мен Клэр Мурсом, ал ғылыми кеңес берушілер қатарында Қазақстан, Франция, Моңғолия, АҚШ, Қытай сынды елдердің тарихшылары бар.

Тарихқа терең бойлаған көріністер аясында, әсіресе, Nomad Stunts каскадерлерінің қатысуымен түсірілген жауынгерлік эпизодтар – сериалдың шынайы рухын арттырып тұр. Жүздеген шабандоздың қатысуымен түсірілген сахналар көшпенді өркениеттің ауқымын кинематография тілімен терең аша түскен.

Түсірілімнің соңғы күні сериал алаңына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин арнайы барып, жоба Қазақстанның мемлекеттік



тарихи саясатымен үйлесіп, ұлттың жадына, рухани тұтастығына қызмет ететініне маңыз берді, жоба тобына алғысын білдірді.

– Қазақстан ежелден бірегей көшпелілер өркениеті дамыған маңызды орталықтардың бірі. Ендігі кезекте біз оны жаһандық аудиторияға лайықты ұсынуға толық дайынбыз, – деді Мемлекеттік кеңесші.

Кино – руханияттың алғы шебі. «Алтын империя» – тек Жошының ғана емес,

жалпы жоғалған тарихи жадтың қайта жаңғыруы дер едік. Бұл – әлемге қазақ елін тек шапанмен емес, шежіресімен, тағдырымен, өркениетімен таныстыруға, ұлтты ұлықтауға жасалған ұлы қадам.

Сериалдың түсірілімі аяқталғанымен, пост-продакшн жұмыстары енді басталамақ. Монтаж, графикалық өңдеу, дыбыстық және визуалды эффектілер жұмысына бұрын Walt Disney, Pixar, Universal секілді алпауыттармен жұмыс істеген студиялар тартылған. Ал алдағы уақытта сериал халықаралық ағынды платформаларда жарыққа шығып, қазақ тарихын жаһанға танытар алтын көпірге айналары сөзсіз. Бүгінгі ұрпақ бабалар аманатын – ұлы дала тарихын кинодан танитын болады. Ал сол тарихтың жаһандық аренада жаңғыруы – ұлт рухын жаңа биікке көтерері сөзсіз.

«Алтын империя» – тек бір тұлғаның өмірі емес, тұтас бір дәуірдің дауысы. Бұл – тарихты бүгінгімен байланыстырып, болашаққа жол ашатын рухани оқиға. Ол – қазақ тарихының шынайы бейнесін күллі әлемге паш ететін мәдени дипломатияның жетістігі. Сериал экранға шыққанда, көзі ашық, көкірегі ояу әрбір көрермен: «Жошы кім еді?» емес, «Жошының жолын бүгін кім жалғайды?» деген сауалға жауап іздері хақ.

Жошы хан есімі – тек тарих оқулығын-

дағы дерек емес, күллі Еуразия өркениетінің тамырына айналған тұғырлы бейне. Бүгінге дейін экран бетінде кең көлемде сомдалмаған, тарихи әділет орнауын күткен осы тұлға арқылы Алтын Орданың саяси, мәдени, дипломатиялық салмағы қайта таразыланбақ. Бұл жоба – жаһандық аудитория алдында қазақтың ұлы тарихын қайта тірілткен маңызды қадам.

Т.ДЕРЫСАЛИН.
(Дереккөз: daraqory.kz)

1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

«ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАРЫ» Елімізде ауқымды ұлттық жоба басталды



2025 жылғы 22 мамыр мен 1 маусым аралығында елімізде Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Қазақстан балалары» ұлттық науқаны өтуде.

Бұл – балалардың амандығы мен құқығын қорғауға бағытталған ауқымды бастама.

Алғаш рет ұйымдастырылған науқан «Әкем – тірегім, анам – жүрегім» деген ұранмен бастау алды. Оның мақсаты – балаларға қауіпсіз орта қалыптастыру, ата-ананың тәрбие мен қамқорлықтағы рөлін арттыру және қоғам назарын балалық шақтағы маңызды мәселелерге аудару.

Еліміздің барлық өңірінде балаларға арналған мәдени-танымдық іс-шаралар өтуде. Сонымен қатар, Отбасыны қолдау орталықтарында ашық есік күндері ұйымдастырылып, ата-аналарға психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік көмек көрсету бағытында кештер берілуде.

Ұлттық науқан – бала бақытына бей-жай қарамайтын қоғам қалыптастыруға жасалған нақты қадам.

ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЛАРЫ ФЕСТИВАЛІ шымылдығын түрді

Алматыда дәстүрлі түрде өтетін «Ортеке» VII Халықаралық қуыршақ театрлары фестивалі салтанатты түрде ашылды.

Мәдени кеңістікте ерекше орны бар бұл іс-шара 2025 жылдың 21 мамырында Республикалық мемлекеттік корей музыкалық комедия театрының сахнасында бастау алды. Ауқымды фестивальге Қазақстанмен қатар, Грузия, Түркия, Өзбекстан және Әзербайжан елдерінің кәсіби қуыршақ театрлары қатысуда. Ашылу рәсіміне ТҮРКСОЙ ұйымының өкілдері, мәдениет қайраткерлері, қала тұрғындары мен қонақтар қатысты.

Фестивальдің шымылдығын Самарқанд облыстық қуыршақ театрының «Әли Құсшы» спектаклі ашты. Бес күн бойы түрлі елдің театр ұжымдары өз қойылымдарын көрермен назарына ұсынбақ. Байқау бағдарламасы Республикалық мемлекеттік корей музыкалық комедия театрымен қатар, Алматы мемлекеттік қуыршақ театры, Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры және Тотальный театры сахналарында өтеді. Қойылымдарды халықаралық дәрежедегі қазылар алқасы бағалайды. Оның құрамында Қазақстан, Молдова, Тәжікстан және Түркияның тәжірибелі театр мамандары бар.

Фестиваль аясында көрермендер қуыршақ өнерінің сан қырлы болмысына қанығып, түрлі елдің сахналық дәстүрімен жақынырақ танысу мүмкіндігіне ие болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



СҰХБАТ

21 мамыр – ұлт руханиятының өркендеуіне, мәдени мұраны сақтау мен насихаттауға өлшеусіз үлес қосып келе жатқан мәдениет және өнер саласы қызметкерлеріне құрмет көрсету күні. Бүгінде мың жылдық тарихы бар көне шаһардың мәдени кеңістігінде серпінді дамулар мен тың бастамалар жүзеге асып жатыр. Біз Мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани МАЙЛЫБАЕВҚА жолығып, өнер мен руханият саласындағы жетістіктерді саралап, алдағы жоспарлармен танысқан едік.



Ғани МАЙЛЫБАЕВ:

АЛМАТЫНЫҢ МӘДЕНИ МИССИЯСЫ –

Қазақ елінің халықаралық брендіне айналу

Мәдениетпен тыныстаған мегаполис

– Ғани Айдарұлы, ең алдымен Алматыдағы барлық мәдениет және өнер саласының қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтаймыз! Еліміздің мәдени астанасы саналатын мегаполистің бұл саладағы жетістіктері аз емес. Шаһарда жаңа нысандардың құрылысы жүріп жатыр, гастрольдік сапарлар мен жаңа жобалар туралы бағдарлар да баршылық...

– Рахмет! Алматы – қазақ мәдениетінің алтын бесігі. Мұнда ұлт рухын танытатын театрлар, мұражайлар, филармониялар, көркем галереялар шоғырланған. Қалада қазақ мәдениеті мен өнерінің алыптары – Мұхтар Әуезов, Шәмші Қалдаяқов, Қалибек Қуанышбаев, Бибігүл Төлегенова сияқты тұлғалар өнер көрсетіп, із қалдырған.

Шаһарда бүгінде 12 театр, 35 көпшілік кітапхана, 25 музей, 20-ға жуық кинотеатр мен өзге де мәдени ошақтар жұмыс істеп жатыр. Осынау мәдени мекемелердің біршамасы Алматы әкімдігіне қарасты. Мәселен, олардың қатарында «Алатау» дәстүрлі өнер театры, Мемлекеттік қуыршақ театры, «Алматы әуендері» шығармашылық ұжымдары, Қазақ мемлекеттік циркі, 8 музейден тұратын Алматы музейлер бірлестігі, Мемлекеттік архив, Алматы хайуанаттар бағы мен Орталық тандырылған кітапханалар жүйесіне кіретін 28 кітапхана бар. Бұл ұйымдарда қазір 2 мыңнан астам мәдениет қызметкері еңбек етіп жатыр. Өткен жылы осы мекемелер Мәдениет басқармасымен бірлесіп 300-ден астам ірі іс-шара ұйымдастырған еді. Театр премьералары, халықаралық фестивальдер, ашық аспан астындағы концерттер мен көрмелер секілді алуан түрлі шараларды 1,6 миллионнан астам қала тұрғыны мен қонағы тамашалады.

«Алатау» дәстүрлі өнер театры былтырғы маусымда 62 мың көрерменге қызмет көрсетті. Қойылымдарды 20-дан астам қазақ халық аспаптарында «тірі орындау» қолданылды. «Mamluk. Сұлтан Бейбарыс», «QULAN», «Алатау FM радиосы» және «Теміртас» спектакльдері көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Театр биыл жаз айларында Мәскеудегі Чехов фестиваліне қатысып, Франциядағы Авиньон фестивалінде өнер көрсететін болады. Қазір үлкен дайындық жүріп жатыр. Сонымен қатар, қазіргі таңда Абайдың 180 жылдығы мен Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған қойылымдар әзірленуде. Мемлекеттік



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

архивтің материалдық-техникалық базасы да айтарлықтай жаңартылды. Соңғы он жылда алғаш рет жаңғыртудан өткен мекемеге заманауи жабдықтар мен 140 компьютер сатып алынды. Бұған қоса, 10 миллионнан астам парақ цифрлық форматқа көшіріліп, қалпына келтіру зертханасы ашылды. Архив бүгінде тарихи жадымызды сақтау мен ұрпаққа жеткізудің нақты технологиялық орталығына айналып отыр.

Мемлекеттік қолдау бар

– Сала қызметкерлеріне қандай қолдау көрсетіліп жатқаны жайлы да айтып өтсеңіз...

– Әрине, мемлекет тарапынан кеңінен қолдау бар. Бұған мысал, «Алматы жастары» бағдарламасы аясында 139 жас маман баспаналы болса, 2023 жылдың тамызынан бастап 2 мыңнан астам мәдениет саласы қызметкерінің жалақысы 30%-ға өсті. Соңғы жылдары Алматының мәдени саласы халықаралық деңгейде танылуына кеңінен қолдау көрсетілуде. Өткенде ғана Қазақ мемлекеттік циркі 35 жылдан соң алғаш рет шетелге гастрольге шығып, Душанбе мен Тбилисиде өнер көрсетіп қайтты.

Сонымен қатар, цирк әртістері Қытай мен Ресейдің үздік цирк мектептерінде тағылымдамадан өтіп, Еуропа елдерінде өткен фестивальдерде жүлделі орындарға ие болды. Өздеріңіз де естіп жатқандай,

біздің цирктің артистері Гиннестің рекордтар кітабына енді. Сондай-ақ, 18 елден келген 80-нен астам артистің қатысуымен өткен «II Almaty Circus Festival» іс-шарасы халықаралық ынтымақтастықтың айқын көрінісіне айналды. Алматының мәдени айнасы іспетті цирк ғимаратына қайта жаңғырту жұмысын жүргізу үшін қазір жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу басталды. Әлемдік аренада Мемлекеттік қуыршақ театрының атағы ерекше аталады. Бұл театр артистері де қазір үлкен табыстарға жетуде.

Мәселен, Канадада өткен фестивальде Гран-при иеленіп, Грузия мен Беларусьтен жүлдемен оралды. Соңғы онжылдықта алғаш рет театр ауқымды жаңғыртудан өтіп, биыл 90 жылдығын атап өтті. Театр ұжымының ұзақ жылғы еңбегі ақталды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен театрға «академиялық» мәртебесі берілетін болды.

Руханиятқа дем берген мекен

– Қазіргі таңда Алматы музейлері мен кітапханалары бұрын-соңды болмаған жаңғыру мен серпіліс кезеңін бастан кешіп отыр. Осы бағыттағы жұмыстарыңызды тарқатсаңыз...

– Өткен жылы Алматы музейлері рекордтық көрсеткішке жетті. Музейге келушілер саны 310 мыңнан асса, билет сатылымынан түскен табыс 85,5 млн.

теңгеге жетті. Бұл – өте үлкен көрсеткіш. Сосын тағы бір жақсы жаңалық – Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың бастамасымен барлық мектеп оқушылары музейге тегін кіру құқығына ие болды. Соңғы уақытта Алматы музейлері шетелдерде көрме ұйымдастырып, осы саланың қызметкерлері Корея, Түркия, Италия, Чехия мен Сингапурда тағылымдамадан өтіп келді. Бұған қоса, қаламыздағы Музейлер бірлестігі «Түркі әлемінің үздік музейі» атанып, ел тарихында тұңғыш рет мұндай мәртебеге қол жеткізді.

Кітапханаларымызға келсек, қазіргі кезде көпшілік кітапханалар заманауи мәдени хабқа айнала бастады. Алматы кітапханаларының 95%-ы жаңғыртылды. Жалпы, жүргізіліп жатқан жұмыстардың дені тек жөндеу жұмыстары ғана емес, кеңістікті қайта құру, кітапхананы заманауи зияткерлік орталық ретінде жаңаша сипатта қалыптастыру сияқты іс-шаралар да қамтылып отыр. Қазір қаладағы төрт кітапхана тәулік бойы жұмыс істейді. Сондай-ақ, автономды кітапханалар –

оқырманның өзіне-өзі қызмет көрсету мүмкіндігін ұсынып отыр. Қала кітапханаларының қоры да артты. Дәл қазір кітап қоры 1,3 миллион данадан асып, өткен жылы тағы да 96 мың жаңа заманауи кітаппен толықты.

Жұмысымыздың тағы бір бағдары – Хайуанаттар бағын толық жаңғырту жұмыстары 2028 жылға дейін жалғасады. Жоба аясында жаңа вольерлер мен кешендер, ветеринарлық бөлім, дәріс залдары, инклюзияға бейімделген кіреберістер бой көтереді. Осы жылы Алматы хайуанаттар бағы 37 жыл ішіндегі рекордтық көрсеткішке жетті. Яғни бір жыл ішінде 1 миллионнан астам адамды қабылдады. Оның 250 мыңы – әлеуметтік осал топ өкілдері, көпбалалы отбасылар, зейнеткерлер, балалар үйінің тәрбиеленушілері және ерекше қажеттілігі бар балалар.

Ұлт жадыын жаңғыртатын бағдарлар

– Ғани Айдарұлы, сөз соңында алдағы уақытта Алматыда қандай мәдени нысандар бой көтеретіні туралы да мағлұмат берсеңіз ...

– Сәтін салса, жақында Жастар театры мен жаңа көрме орталығының құрылысы басталады. Сосын, қалада алғаш ашылатын Инклюзивті мәдениет үйінің жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленіп жатыр. Сонымен қатар, Боралдай қорғандарында Сақ мәдениеті орталығының құрылысы, ТМД елдері ішінде алғашқы Балалар ғылым музейі мен Observatory музейінің ашылуы, Райымбек батыр кешенін музейлендіру мен Алматы музейінің жаңа экспозициясын қалыптастыру жұмыстары басталады. Дәл қазіргі уақытта Н.Сац атындағы мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Тағы да бір айта кетерлік жаңалығымыз – қаламызда 2029 жылға дейін өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесімен жабдықталған 20 жаңа кітапхана ашылатын болады.

Жалпы, заманауи мегаполис ретіндегі Алматының мәдени миссиясы – Қазақ елінің халықаралық брендіне айналу, ұлттық өнеріміз бен мәдениетімізді жаһандық деңгейде таныту. Ұлттық рухты сақтай отырып, оны заманауи өркениетпен ұштастыру, шығармашылықты қолдап, ұлттық мәртебемізді өнер мен мәдениет арқылы жаңғырту. Бұл – тек қаланың емес, тұтас ұлттың мәдени болашағына бағытталған миссия.



Бижомарт ҚАПАЛБЕК:

ҚОҒАМНЫҢ ҚАЗАҚША ОЙЛАМАЙТЫНЫ ҚЫНЖЫЛТАДЫ...

«Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, жаһандану дәуірінде ұлттық болмысты сақтау қажеттілігі өзекті. Бүгінгі таңда қоғамдық орындарда, сауда орталықтарында, әлеуметтік желіде, тұрмыс-тіршілікте болсын тілге жанашырлық анық байқалады. Осы орайда «Мемлекеттік тілді дамыту институтының атқарушы директоры Бижомарт ҚАПАЛБЕКТІ әңгімеге тартқан едік.

леуге етіміз үйреніп кеткен. Бұлай болмайды.

Түркі интеграциясы көне түркі жазуымен жаңғырады

– Түркілердің ортақ әліпбиіне қалай қарайсыз?

– Иә, бұл «түркі халықтарының ынтымағын» көрсетеді. Түркі әліпбиінде 33-34 әріп бар. Соның ішінде қазақ тілі 28 қаріптен тұрады. Түбі бір түркі халқы болғандықтан фонетикалық, лексикалық жағынан ұқсаспыз. Өйткені, бәріміздің түбіріміз бір. Баршасы бір тілге келуі қиын. Алайда, әліпбиді ортақ етуге болады. Біз жазуы бар халықпыз. Біздердің Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріміз бар. Неге соған көшпейміз? Көне түркі жазуы өте қолайлы әрі ыңғайлы! Заманында сол жазумен-ақ әлемдік өркениет пен мәдениетке зор үлес қосқанбыз.

Түрік таңбасын бүгінгі уақытқа үйлестіре аламыз. Қытай, жапон, корей өздерінің сан мыңдаған иероглифтерін интернетке енгізіп, компьютердің пернетақтасына лайықтады. Сонымен-ақ алдыңғы қатарлы озық технологияны жасап жатыр. Шағын ғана армян, грузин өз жазуын сақтап отыр ғой. Оның жанында мүмкіндігіміз зор. Компьютерлік жүйе түркі жазуына ыңғайланып жасалуы тиіс.

Қазір жасанды интеллект дамып барады. Айтқаныңды істеп, өтінішіңді орындап тұр. Робот қазақша сөйлесе, қазақша терменді орындаса ғажап болар еді. Түркі таңбасын жаңғырту әлемге зор жаңалық болады. Көне түркі жазуын қолдану – Түркі интеграциясын жаңғыртады.

Тілдің жұмыс істеу механизмі біреу ғана, ол – сұраныс

– Қазіргі таңда қазақ қоғамы ана тіліне аса жанашырлықпен қарай бастағандай. Сіз қалай ойлайсыз?

– Алғаш тәуелсіздік алған жылдары қазақ тілін қолға алып, бірқатар шаруа атқарылды. Руханият, мәдениет және тіл жанашырлары қазақ тілін дамытудың түрлі әдісі мен жүйесін ойластырды. Негізі әр тілдің белгілі бір аумақта таралу аймағы бар. Сол аумақ тілді дамытатын кеңістік болып саналады. Қазақ тілінің қарыштап даму аймағы, ол – Қазақстан. Бұл бағытта жұмыс жасалып жатыр.

Бізде «Тіл комитеті», «Тіл басқармасы» сияқты мемлекет шаруасын үйлестіретін органдар бар, кезінде құрылған «Халықаралық Қазақ тілі» қоғамының қызметі – тілдің кем-кетігін түзеп, қолданыс аясын кеңейту. Дейтұрғанмен, бұл салаға да модернизация қажет сияқты. Тілдің жұмыс істеу механизмі біреу ғана, ол – сұраныс.

Латынша алфавиттің бір нұсқасын бекіту – заман талабы

– Мемлекеттік тілдің аясын кеңейту үшін не істемек керек?

– Әрине, ең әуелі тілге сұраныс болу үшін алдымен талап болу керек. Қазір сөз жоқ, балабақша да, мектеп те, университет те қазақша оқытып жатыр. Алайда, қоғамның қазақша ойламайтыны қынжылтады. Әйтпесе, орта білім ошақтарында қазақ тіліне 1 мың сағат бөлінген. Тіпті, мемлекеттік қызметшілерге де курстар қарастырылған. Егер талап күшейіп, әр мекеме өзінің ішкі «өтініш», «қызмет хат», «іссапар парағы» сияқты бірқатар іс-қағазды қазақша толтырса, оның өзі үлкен бетбұрыс болар еді. Мәселен, шетелден келіп 2-3 айда қазақша тіл сындырып, хакім Абайдың өлеңдерін жатқа оқып жүргендерге қайран қаласың. Ынта болса, тілді жылдам үйреніп алуға болады.

Мәселен, оқуға, қызметке орналасарда тілдің белгілі бір дәрежесін игергендігін растайтын талап болуы қажет. Сонда оқып жүрген адам ертеңгі күні сатылап өсіп, білімін тереңдеткісі келсе аталған талапқа бағынады.

Байқасаңыз, қала көшелеріндегі жарнамада қате көп. Көбі латынша жазып қойған. Алайда, бірізді бекітілген әліпби болмай тұр. Сол себепті, ең бірінші латынша алфавиттің толыққанды ережесін, бір нұсқасын бекіту – заман талабы.

Басты мақсат – КСРО кезінде бұзылған әліпбидің емле ережесін дұрыстап алу. Жаңа технология латында

тұр, ғаламтор, компьютердің тілі деген уәж кейінгі жоспарда тұрған дүние. Сондай-ақ, латынға көшсек, түркі халықтарына жақындайтынымыз анық. Мәселен, Түркия XX ғасырдың басында өтіп алды. Тәуелсіздік алған тұста Орталық Азиядағы ағайындар латынға көшіп алды. Түркі интеграциясы тұрғысынан қарағанда сол баяғы соқпақпен жүріп, артта қалып келеміз. Іргедегі қырғыздардың өзі мемлекеттік тіл туралы заң қабылдап алды. Ал, біз батылдық таныта алмай, ұятты боп жүрміз. Түріктер ортақ «түркі әліпбиін» жасап әлек. Қалай болғанда да, латын тіліне өту керек.

Қазақта 42 емес, 28 дыбыс бар. Дыбыс табиғатта бар дүние. Басы артық кирилшеден енген әріптен арылған жөн. Бұның уақыты жетті. Зерттеуші Г.Потанин «Маған қазақ даласы түгел ән салып тұрғандай» депті. Біздер баяғы қазақи әуезді жоғалтып алдық. Дәлірек, «ә», «ө», «і», «ң», «қ» сияқты төл әріптерді қолдана бермейміз. Біз «буын», «бунақ» және «әуезбен» сөйлейтін халық едік қой. Атам заманнан қазақ ұяң сөйлеп, арға берік болып, кәделі іс қылатын.

Бүгінде бұл қалып барады. Міне, осының барлығы ұлттық құндылықты әлсіретеді. Мұның бәрі дұрыс жазу мен сауатты емілеге тікелей байланысты. Орысша ойлауға, сөй-

 ЖӘДІГЕР

Шаһарда өткен дәстүрлі танымдық-тағылымдық «Музей түні – 2025» іс-шарасына Алматы қаласының музейлер бірлестігіне қарасты музей-үйлері мен әдеби-мемориалдық музей кешендері, мультимедиялық орталықтар қатысты. «Өткен тарих ізімен» атты квест сегіз музейде де жалғасты.

Халықаралық музей мерекесінде қала тұрғындары ұлттық өнер түрлері мен тарихи жәдігерлер мен экспонаттарды, сирек кездесетін құнды заттарды тамашалап, ұлттық аспаптардан төгілген әуенді тыңдады.



Әділет АХМЕТҰЛЫ, А.Байтұрсынұлы музей-үйінің аға ғылыми қызметкері, түркітанушы:

Руханият айнасы

18 мамыр күні күндізгі сағат 10.00-де басталған іс-шара түнгі сағат 00.00-ге дейін жалғасты. Барлық келушілерге кіру тегін болды. Бізде «Qamshy.kz» ақпарат агенттігімен бірлесе ұйымдастырылған «Алаш арыстары» фотокөрмесі өтті. Бағдарламаға сай, кешкі сағат 18.00-де музей түніне арналған іс-шаралар басталып, алматылықтар мен қала қонақтары «Ахмет үйіне» жиналды. Келушілер музей-үйінің ұсыныс-лебіз бұрышына «Ахметке хат» қалдырды. Театр әртістері «Ахметтану» оқу орталығында ғалымның ағартушылық образын бейнелесе, «Ұлы сағыныш» атты жинақтың тұсаукесері өтті. Музей-үйінің жетекшісі Райхан Имаханбет «Ахмет. Алаш ардақтысы» кітабы бойынша танымдық сабақ өткізді.

«ӨТКЕН ТАРИХ ІЗІМЕН...»



Суретті түсірген Қ. ҚОНЫСБАЕВ.



Нұржұма ЕЛЕСБАЙ, фольклортанушы:

Ұлттық құндылық

Музейде халықтың өткені мен бүгіні бейнеленеді ғой. Іссапармен Түркияның «Анадолы» музейіне, Ресейдің «Эрмитажына» барғаным бар. Сол жолы қатты қайран қалғанмын. Қазақта ұлы тұлға, ұлттық құндылық, тарихи мұралар жетерлік. Сондықтан сақ, ғұн, Түрік қағанаты, Алтын Орда, Қазақ хандығы, Алаш арыстары, тәуелсіздік дәуіріне қатысты мұражайлар салу қажет. Халықтың шежіресін көрсету үшін туристер көп келетін Түркістан мен Астанада жәдігерлер орталығын ашу керек.



Алмас ОРАЛБЕК, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері:

Мәңгілік мұра

«Әуезов музей-үйіне» жиі бас сұғамын. «Музей түні» тек науқандық болмағаны жөн. Бір рет қана барып, одан кейін атізін салмай кету ұят болар. Өйткені, музей – мәңгілік мұра. Білген адам, бір мәрте барады. Рухани тыныс алғандар қайта айналып барғысы келіп тұрады. Ойлаңызшы, Еуропаға барсаңыз ағылшын, неміс, испан, грек халықтарының тарихын көріп танысасыз. Еуропалықтар қаласының өзінде түрлі мүсін, архитектуралық сәулет өнері, көне ғимараттар қаз-қатар тізіліп, алыстан менмұңдалап тұр. Іргедегі Қытайдың 5 мың жылдық шежіресі, сол елдердің мұражайлары мен тарихи ескерткіштерінен айыштықпалы тұрады.

• ТҮЙІНСӨЗ: Көбіміз музейге бара бермейміз. Алып шаһар Алматының қарбалас тіршілігі қол байлайды. Соған қарамастан, өнер мен мәдениетке жақын жандар шоғыры аз емес. Жалпы, жиі болмаса да, мейрамхана, ойын-сауық отауларына бара бергенше, мұражайға да бас сұққан жөн. Өйткені, онда бұрын ата-бабаларымыз қолданған «бес қару», «көне шапан», «музыкалық аспаптар», «қол-өнер бұйымдары» және т.б. құнды жәдігерлер сақталады. Күнделікті тұрмыста қолдана бермейтін, айрықша тарихи дүниені көріп, ерте дәуірге түскендей сезіну, ол – көңілге рухани жаназық болады. Әлемге мәшһүр француздың «Лувр» музейінен кем түспейтін құнды жақұт мұралар бізде де бар.

Бетті әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ



ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

ҒАСЫРЛЫҚ ҒИБРАТ

Ұлттық баспасөз – ұлт руханиятының алтын діңгегі

Биыл – қазақ баспасөзінің тарихи белестері мен рухани жаңғыруын айшықтаған мерейлі жыл. Ұлт руханияты мен ел зердесін қалыптастыруда өзіндік орны бар бірнеше беделді басылым – «Ана тілі», «Ұлан» газеттері мен «Ақ желкен» және «Мысль» журналдары атаулы мерейтойларын атап өтті. Бұл оқиғалар – жәй ғана жылнамалық меже емес, тұтас бір дәуірдің шежіресін, ұлттық ой мен сөз мәдениетінің сабақтастығын білдіретін тағылымды сәт.

«Егемендік пен Елдіктің еңселі мінбері»

Алматыдағы Ұлттық кітапханада «Ана тілі» газетінің 35 жылдығына арналған «Егемендік пен елдіктің еңселі мінбері» атты мерейтойлық салтанатты іс-шара өтті. Кеш – ұлт руханиятының мерейін өсірген, ана тіліміздің мәртебесін биіктеткен басылым тарихын ұлықтауға бағытталды. Меймандарды қарсы алған сәттен бастап рухты серпілтіп, сананы сәулелендірген көрмелерге кезек берілді. Газеттің фототілшісі Азамат Құсайыновтың «Ұлттық рух және бір сәт» атты жеке шығармашылық көрмесі, «Ана тілі» газетінің архивіндегі тарихи және құнды суреттердің көрмесі мен ұлттық баспасөздің алтын қорынан дайындалған көрме оқырманын өткеннің өнегелі іздеріне жетеледі.

Көрме тамашаланған соң, кітапхана холында газеттің тұңғыш нөмірі бұрынғы Бас редакторлар Ж.Бейсенбайұлы, М.Құлкенов, М.Тәж-Мұрат, Қ.Сәрсенбайға табыс етілді. Сонымен қатар, 1990 жылғы газеттің тігіндісін ҚР Ұлттық кітапханасының директоры Ғазиза Құдайберген газет ұжымына салтанатты түрде табыстады.

Н.Дәулетова атындағы залда өткен «Ана тілі» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Басылымның 35 жылдық тарихи ізін жинақтаған кітаптың тұсауын басылымның алғашқы Бас редакторы Жарылқап Бейсенбайұлы, Президент кеңесшісі Бауыржан Омар, «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры Дихан Қамзабекұлы қатарлы сыйлы қонақтар кесті. Мерейтойлық лебіздерде басылымның әр кезеңдегі атқарған жұмысынан, арғы-бергі тарихынан сыр шертілді.

Салтанатты рәсім барысында тұңғыш Бас редактор Жарылқап Бейсенбайұлына сөз берілді. Содан кейін мерейтой меймандары «дөңгелек үстел» басына жайғасты. Іс-шараның ресми бөлігін жүргізген «Ана тілі» газетінің Бас редакторы Ерлан Жүніс Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы құттықтау хатын оқу үшін сөзді Президент кеңесшісі Бауыржан Омарға берді.

«Егемендіктің елең-алаңында құрылған басылым осы уақыт ішінде төл руханиятымыздың жаршысына айналды. Әбдуәли Қайдар, Өмірзақ Айтбайұлы сынды белгілі ғалымдар-



дың бастамасымен ашылған газет ұлт баспасөзіне мүлде жаңа леп әкелді. Алғашқы бас редакторы Жарылқап Бейсенбайұлы бастаған журналистер кәсіби шеберліктің озық үлгісін көрсетті. Қоғамдағы өзекті мәселелерді батыл әрі ашық жазған, елдің рухын көтерген газет ұжымы қалың оқырманның зор қолдауына ие болды.

Қазірде басылым қызметкерлері алдыңғы буын салған сара жолды лайықты жалғастырып келеді. Берекелі ұжым сапасын қалыптастыруға белсене атсалысып жүр. Апталық бетінде үздіксіз жарияланып жатқан тіл мен діл, руханият пен мәдениет жөніндегі тұщымды мақалалар – соның айқын дәлелі.

Сіздерге шынайы ризашылығымды білдіремін.

Озық ойлы оқырмандарыңыз көп болсын!

Баршаңызға толағай табыс, бақ-береке тілеймін!», – делінген Президенттің құттықтауында.

Бауыржан Омаров, сондай-ақ, Мемлекет басшысының «Ұлан», «Ақ желкен», «Мысль» басылымдарына да құттықтауын жеткізді.

Мереке аясында «Егемендік пен елдіктің еңселі мінбері» атты «дөңгелек үстелді» жүргізген «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры Дихан Қамзабекұлы басылым тарихындағы тұлғалардың еңбегін зерделеді.

Мерейтойлық кеште әнші, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әбіірбек Тінәлі және Майра Тінәлі «Анамның тілі» әнін орындаса, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, күйші Нүркен Әшіров күмбірлете күй шертті, Мемлекеттік «Салтанат» би ансамблінің бишілері өнер көрсетті.

«Ана тілі» – ұлттың жан дауысын жеткізген рухани мінбер. 35 жыл бойы ол тіл тағдырына алаңдаған жұрттың үніне айналып, ұлттық құндылықтар мен елдік мүддені биік деңгейде көтеріп келеді.

Ұрпақпен үндескен – «Ұлан»

1929 жылдан бері жасөспірімдерге рухани серік болған «Ұлан» газеті – қазақ балалар баспасөзінің тұңғыш қарлығашы. 95 жылдық тарихында ол мыңдаған жасқа алғашқы шығармашылық жолын сілтеген мектеп іспетті болды. Осы газетте тұсауы кесілген көптеген қаламгер бүгінде еліміздің әдебиеті мен журналистикасында лайықты орынға ие.

Ұлттық кітапханада өткен салтанатты жиын – бұл тек мерейтой емес, рухани еске алу, ұрпақтар сабақтастығын ұлықтау сәті. Іс-шарада газет тарихын қамтыған фотокөрме, оқырман-автор байланысын паш еткен интерактивті экспозициялар мен шығармашылық байқаулар ұйымдастырылды. «Ұлан» газетінде жарияланған «Cristabol» командасының халықаралық жеңісі – басылымның бүгінгі күнмен де қатар тыныстап, жас ұрпақтың дамуына дем беріп отырғанын дәлелдейді.

«Ақ желкен» – ғасырлық таным айнасы

Жүз жылдық межеге жеткен «Ақ желкен» журналы – ұлттық таным мен тәрбиенің шежіресіне айналды. Бала жүрегіне жол тауып, отаншылдық пен адамгершілікке баулыған басылым бүгінде – танымдық, тәрбиелік алаң ретінде өзектілігін жоғалтқан емес.

• Ұлттық баспасөз – тек ақпарат құралы емес, ол – ұлттың зердесі, санасы, тарихи жады. Әрбір газет-журнал – заманның үнін жеткізген рухани мұра. Осы мұраны сақтап, дамыту – ұлттық рухын жаңғырту жолындағы маңызды қадам. Сол себепті, еліміздің рухани көкжиегін кеңейтіп, тәуелсіздікпен бірге түлеген, бүгінде мерейтойларын атап өтіп жатқан әріптестерімізге шығармашылық шабыт, мазмұнды мақалалар мен жаңа белестер тілейміз!

Журналдың мерейтойы аясында өтетін ғылыми конференция мен фотокөрмелер – тарихи жадыны жаңғыртуға бағытталған. Ардагер журналистер мен жас тілшілердің кездесуі – журналың үні ұрпақпен бірге жаңғырып, діл мен ділді жалғастырып жатқанын аңғартады.

«Мысль» – зияткерлік ойдың алаңы

105 жылдық тарихы бар «Мысль» журналы – қоғамдық пікірдің бағыт-бағдарын белгілеген іргелі ой алаңы. Кеңестік кезеңнен бүгінге дейін қоғамдық санада өзіндік қолтаңбасын қалдырған басылым тәуелсіздік жылдарында мазмұндық тұрғыда жаңарып, демократиялық даму, адам құқықтары мен ел бірлігін нығайту тақырыптарына басымдық берді.

Баспа рухы – ел рухы

«Ана тілі», «Ұлан», «Ақ желкен», «Мысль» – әрқайсысы өз заманының үнін жеткізген, бүгінгі оқырманмен де өзекжарды байланыс орнатқан рухани басылымдарымыз.

Ұлттық медиакеңістігіміздегі басылымдардың бұл мерейтойлық іс-шаралары – қазақ баспасөзінің тарихына тағзым ғана емес, мәдени сауатты, білімді қоғамға ұмтылыстың айқын айғағы.

ИННОВАЦИЯ

Кардиология:
ТАМЫРІШІЛІК УЛЬТРАДЫБЫС

Алматыдағы Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында коронарлық артерияларды көруге арналған жасанды интеллекті бар жаңа буын тамырішілік ультрадыбыс енгізілді, деп хабарлайды ҚР Денсаулық сақтау министрлігі.

Жаңа технология Санкт-Петербургтен келген жетекші рентгенхирург Владимир Ардеевтің қатысуымен өткен мастер-класс шеңберінде енгізілді.

Avvigo+ атты жаңа жүйенің көмегімен дәрігерлер артерияларды дәл әрі жылдам өлшеп, тарылу деңгейін, стенттің ұзындығы мен диаметрін 0.1 мм дәлдікпен, сондай-ақ зақымданған аймаққа дейінгі және кейінгі тамырлардың ерекшеліктерін анықтай алады. Бұл операцияны барынша дәл және пациент үшін қауіпсіз жүргізуге көмектеседі. Мастер-класс шеңберінде барлығы 10 сәтті операция жасалды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ortcom.kz).




СӘТТИ ОТА

ЖҮРЕК ҚАЙТА СОҚТЫ

Алматы қалалық Кардиология орталығының дәрігерлері сирек кездесетін жүрек ісігі бар 28 жастағы науқастың өмірін сақтап қалды.

Ол орталыққа жиі енгігіп, ауа жетпей тұншығып қала беретінін айтып келген. Бұл, бір қарағанда, спецификалық емес белгілер, әртүрлі ауруларды көрсетуі мүмкін, бірақ дәрігерлер бірден ауыр жүрек патологиясына күдіктенді. Эхокардиографиядан кейін диагноз расталды – сол жақ атриум қуысынан 6х4 см миксома табылды.

Миксома – қатерсіз, бірақ өте қауіпті ісік, жүректің ішіндегі қан ағымын жауып, эмболия мен кенеттен өлімге әкелуі мүмкін. Емдеудің жалғыз әдісі – шұғыл ота. Кардиохирургтар тобы пациентті операцияға өте қысқа мерзімде дайындады. Ота сәтті өтіп, ісік толығымен алынып тасталды, жүрекішілік гемодинамика



қалпына келтірілді. Келесі күні науқас енгігүсіз жүре бастады. Ал бірер күннен кейін үйіне шығарылды.

Мұндай жағдайлар уақытылы диагностика мен білікті медициналық көмектің қаншалықты маңызды екенін айғақтайды. Қазір жас әйел өзін жақсы сезінеді, оңалту курсынан өтуде.

«АШЫҚ ЕСІК КҮНІ»

Дәрігерлер кейінгі жылдары сүт безі обырына жас әйелдер де жиі шалдыға бастағанын айтып дабыл қағып жүр. Бұрын бұл кесел 40 жастан асқан әйелдерге тән деп есептелсе, бүгінде ол 25–35-тегі әйелдерге «ауыз сала» бастаған.

Бұл – алаңдатарлық жағдай. Сондықтан дәрігерге тұрақты түрде профилактикалық тексеруге барып тұруды, ерте диагностика жасалудың маңызы айтпаса да түсінікті. Сүт безі обыры – Алматы қаласында әйелдер арасындағы онкологиялық аурулардың көшін бастап тұр. Сондықтан денсаулыққа уақытында мән беру – өмірді сақтаудың кепілі. Былтыр Алматы онкологиялық орталығында скрининг бағдарламасынан 95 мыңға жуық әйел өтті. Олардың 209-ынан онкологиялық дерт анықталып, оның ішінде 47%-ында обыр енді ғана бас көтере бастағаны белгілі болған. Демек, оларға дер кезінде емделу және толық айығу мүмкіндігі туды деген сөз. Иә, профилактикалық тексерулер адам өмірін сақтап қалатын ең төте жол.

Елімізде ұлттық скрининг 40 жастан басталғанымен, онкомаммологтар дәрігерге 30 жастан, ал қауіп факторлары болған жағдайда 25 жастан бастап тұрақты тексеруден өтуге кеңес береді. Қауіп факторларына мыналар жатады: жақын туыстарында сүт безі обырының болуы, бұрынғы ота немесе сүт бездеріндегі түзілістер; BRCA1 және BRCA2 гендерінің мутациясы. №36 қалалық емханада онкологиялық ауруларды ерте кезеңде анықтау бойынша «Ашық есік күні» ұйымдастырылды. Іс-шара-

МАМАН КЕҢЕСІ



№21
қалалық
емхананың
жалпы практика
дәрігері Аяулым ЖАМБЫЛХАН
менингит туралы ата-аналар білуі тиіс
маңызды кеңесін бөлісті.

Менингит – бұл ми мен жұлынның мембраналарына әсер ететін қауіпті ауру. Балаларда ол өте тез дамып, ауыр жағдайларда мүгедектікке немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін. Ауруды ерте кезеңде тану өте маңызды, өйткені уақытында басталған ем өмірді сақтайды.

Менингиттің пайда болуына вирустар, бактериялар, зәңдер немесе паразиттер себеп болуы мүмкін. Әсіресе, қыста және көктемде ауру жиі байқалады. Көбіне ауа тамшылары және тұрмыстық жолмен беріледі.

Белгілері

Менингит белгілерін ЖРВИ-мен оңай шатастыруға болады: балада жоғары температура, бас ауруы, құсу, мұрыннан су ағу болуы мүмкін. Бірақ ерекше белгілер бар:

- бастың қатты ауыруы;

МЕНИНГИТ
туралы ата-ана нені білуі керек?

- мойын мен көздің ауыруы;
- құрысу;
- фотофобия,
- денедегі бөртпе (менингококцемия кезінде);
- нәрестелерде – монотонды жылау, тамақтан бас тарту, әлсіздік.

Кейде ауру тез басталады және қысқа мерзімді жақсарғаннан кейін жағдай күрт нашарлайды. Диагнозды тек талдамалар (анализдер) арқылы дәл қоюға болады. Сондықтан алғашқы мазасыздық белгілері пайда болған кезде дереу дәрігердің қабылдауына бару керек.

Тазалық маңызды

Менингит антибиотиктермен емделеді, бірақ бастысы – уақытты жіберіп алмау.

- Өзіңізді және балаларыңызды қорғау үшін:
- қолыңызды жуыңыз;
 - көкөністер мен жемістерді жақсылап жуу;
 - тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды ішіңіз;
 - суық мезгілде адамдар көп жиналатын жерлерден аулақ болыңыз;
 - бөлмелерді желдетіп тұрыңыз.

МАММОЛОГҚА ҚАРАЛЫҢЫЗ

Денсаулыққа уақытында мән беру – өмірді сақтаудың кепілі



ның мақсаты – халық арасында онкологиялық кесел туралы хабар ету және профилактикалық тексерудің маңызын еске салу.

«Ашық есік күніне» Алматы онкологиялық орталығының мамандары – онкохирург, онкомаммолог және онкогинеколог арнайы шақырылды. Іс-шара аясында кіші жамбас ағзаларына, қалқанша безге және сүт бездеріне УДЗ жүргізілді. Медицина қызметкерлері тұрғындарға тегін кеңес беріп, скринингтік тексерумен қатар түсіндіру жұмысын жүргізді. Емхана өкілдерінің айтуынша, мұндай

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Балзия ҚАЛЫМБЕТОВА,
Алматы онкологиялық орталығының
дәрігері:

Скринингтен өту – тегін

Скрининг ауруды симптомдары пайда болмай тұрып анықтауға көмектеседі, ал бұл кезде емдеу жеңіл әрі тиімді болады. Елімізде барлық скрининг бағдарламасы мемлекеттік медициналық көмек аясында тегін жүргізіледі. Бірақ өз денсаулығына немқұрайлы қарайтын әйелдер де жоқ емес. Көбі үйде жүріп-ақ өзін-өзі тексеру әдістері барын білмейді. Ағзасындағы қауіпті өзгерістерді байқамауы да мүмкін. Сондықтан гинекологқа жиі қаралып тұруды әдетке айналдыру керек. Жыл сайын маммологқа көріну және УДЗ (ультрадыбыстық зерттеу) аппаратынан өту – денсаулық кепілі.

науқандар алдағы уақытта да жалғасады, өйткені уақытылы диагностика – сәтті емнің кілті.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.



МӘСЕЛЕ

«TRALALERO TRALALA...»

Жәй әуен бе, әлде миға шабуыл ма?



(Сурет: әлеуметтік желіден).

Қазіргі таңда әлеуметтік желілерде балалар мен жасөспірімдер арасында таралып жатқан кейбір қауіпті трендтер туралы хабардар еткіміз келеді. Күлкілі видеолар мен еліктіретін әуендердің артында кейде бала психикасына, мінез-құлқына кері әсер ететін мазмұндар жасырынып жатады. Қазіргі уақытта TikTok-ты ашсаңыз, «Tralalero tralala» сынды қауіпті тренд біздің бүлдіршіндерімізге де жеткенін байқаймыз. Бастапқыда италиялық акцентпен айтылған, жеңіл әзіл ретінде қабылдануы ықтимал бұл ырғақтың әуені көңілді көрінгенімен, оның астарында терең және қауіпті мағына жасырылған. Бұл ойдан шығарылған кейіпкер – көк кроссовки киген үш аяқты акула. Түпнұсқа видеода италиян тіліндегі абсурд мәтін, ұрпақ санасына зиян тигізетін сөздер мен күңгірт мәндер жасырылған. Айталық, «Tralalelo tralala porco Dio e porco Allah» деген мәтіннің қазақша аудармасы – «Тралалело тралала шошқа Құдайы және шошқа Алла».

Бұл жәй ғана ән емес – бұл адам санасына баяу әсер ететін «у» тәрізді мазмұн. Әдетте, бала санасы бұны тек әзіл, көпшілік қайталап жатқан қатардағы тренд деп қабылдайды. Алайда, былапыт сөзге, теріс мәндегі мәтінге толы бұл әуендер бала санасына өзінің жағымсыз энергиясын қалдыруы, оның дүниетанымына қауіпті әсер беруі мүмкін. Себебі, әдетте адам санасы символдарды бейсаналы түрде жадыға сақтап қалады.

Бұл әннің тағы бір түрі – «Bombardino Crocodilo». Айтылатын әуені «un fottuto alligatore volante che vola e bombarda i bambini, a Gaza e in palestina. non crede in Allah e AMA le bombe». Италиян тілінен аударғанда: «Балаларды, Газадағы және Палестинадағы балаларды бомбалап ұшатын лағнетті ұшқыш қолтырауын. Ол Аллаға сенбейді және бомбаларды жақсы көреді» деген мағынаны береді. Бұл енді

ешқандай қалжың емес, турасына келсек, бұны әзіл-қалжың деп айтуға мүлде келмейді. Керісінше, бұл зорлық-зомбылық пен соғысты насихаттаудың нақ өзі.

Осындай бейнелердің барлығы бір ортақ хэштегпен байланысты: #brainrot. «Брейнрот» деген не? Қазіргі таңда TikTok, Instagram Reels, YouTube Shorts сияқты платформаларда тарап жатқан кейбір қысқа видеолар жәй ғана уақыт өткізуге арналмаған – олар адамның ойлау жүйесіне, назарына, тіпті психикасына әсер ететін күшке айналууда. Brainrot – ағылшын тілінен аударғанда brain – ми, rot – шіру деген бейресми ұғым береді.

Бұл – тура мағынасында «ми шіру» дегенді білдіреді. Брейнрот контенттің белгілері мән-мағынасыз қайталанатын видеолар, абсурд әуендер, тілді, дінді, мәдениетті қорлайтын элементтер, зорлық-зомбылық, агрессия мен арандатуға үндейтін мазмұндар, күлкі шақыратын бейне астарында – жеккөрушілік, теріс

идеология, тіпті жасырын үгіт болуы мүмкін.

Бұл контент, әсіресе, жасөспірімдерге қызық көрінуі мүмкін, себебі, ол көзді тартады, тез тарайды, жеңіл тұтынылады. Бірақ ұзақ уақыт қарау баланың ойлау қабілетін, эмоциялық тепе-теңдігін бұзып, жүйелі ойлау мен шынайы өмірден алыстатуы ықтимал.

Қазіргі кезде TikTok-та дәл осы хэштегпен 1,5 миллионнан астам видео бар екені таңқалдырады. Барлық контент бір бағытта, жоғарыда айтқандай, абсурд пен мағынасыз күлкі, дін мен моральды келемеж ету, соғысты ойынға айналдыру видеолары. Бұл – біздің ұрпағымыздың санасына шабуыл және оның болашақ дүниетанымын бұзатын өзекті қауіп. 2024 жылы Оксфорд сөздігі «brainrot» сөзін «жыл сөзі» деп жариялағаны біздің заманда жүріп жатқан рухани дағдарыстың айқын дәлелі. Бұл жай интернеттегі уақытша тренд емес, бұл – тұтас ұрпақтың рухани

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бекзат САХИДАВЛЕТОВА,
балалар психологы:Бұл – цифрлық
кеңістіктегі «у»

Әлеуметтік желідегі хэштегтер, трендтер мен TikTok дыбыстары – бәрі сырттай қарағанда мінсіз. Бірақ олардың ішкі мазмұнында зорлық-зомбылықты, діни мазақты, моральдық құндылықтарды аяқасты ететін идеялар жасырын түрде беріледі. Жасөспірім бұл контентті көру арқылы өзінің де жүйесіне сол оиларды енгізіп жатыр. Себебі, ми қайталанатын нәрсені дұрыс деп қабылдайды. Ал егер бұл дінді келемеж ететін ән болса, бала оның мағынасын білмесе де, рухани тұрғыдан зиян шегіп жатады. Уақыт өте келе баланың құндылық жүйесі, жақсылық пен жамандықты ажырату қабілеті әлсірейді. «Нағыз у» дегені – осы. Цифрлық кеңістіктегі у бірден әсер етпейді. Ол біртіндеп, баяу әсер етеді. Бала үшін «әзіл», «ән», «тренд» – біртіндеп өмірлік ұстанымға айналуы мүмкін. Ал бұл – бүгін емес, ертең тартатын зардап.

жағдайын сипаттайтын терминге айналды.

Мәселе – TikTok-ты жауып тастау емес. Мәселе – ата-ана мен бала арасындағы цифрлық диалогтың аздығында. Балада сізбен емес, экранмен жиі байланыс орнаса – тәрбиенің тізгінін нейрожүйе мен алгоритм өз қолына алады. Ал олар үшін ең басты мақсат – сіздің балаңыздың санасын форматтау.

ОЙТҮРТКІ

«АРАЛАС НЕКЕ»

немесе тұрмыстық трендке айналған құбылыс туралы бірер сөз

Қазіргі жаһандану дәуірінде адамзаттың араласуы, мәдениеттер мен ұлттардың тоғысуы қалыпты құбылысқа айналды. Алайда, бұл жаһандық үрдіс жеке адамдардың тағдырына, ұлттық болмысқа, тіпті ұрпақ тәрбиесіне де әсер етіп отырғаны жасырын емес. Соның бірі – аралас неке мәселесі.

Қазақстандық қоғамда өзге ұлт өкілімен отбасын құру тақырыбына қатысты көзқарастар сан қилы. Бірі – махаббат ұлт тандамайды деп есептесе, енді бірі бұл үрдісті ұлтты әлсіретуге бағытталған қауіп ретінде қарастырады. Екі көзқарастың тоғысар тұсын табу үшін аралас неке мәселесіне тереңірек үңілген жөн.

Мысалы, жуырда қазақ қызының Гаити азаматына тұрмысқа шыққаны қоғамда үлкен талқы тудырды. Гаити – әлемдегі ең кедей, қылмыс пен жемқорлық жайлаған, қара ниетті діни культтерден көз аспаған елдердің бірі. Мұндай ортадан келген адамның мақсаты – жайлы өмір іздеп Қазақстанда тұрақтап қалу секілді. Сол сияқты, Мавритания, Нигерия, Пәкістан азаматтарымен некелескен қыздар да кездеседі. Көбі шетелдіктің әлеуметтік жағдайын нақты білмей, тек сыртқы әсер мен сезімге еріп шешім қабылдайды. Ақыры мұндай некенің кейбірі өкінішпен аяқталып жатады. Ең қиыны – шетелдікке тұрмысқа шыққан соң, Отанына орала алмай, опық жеп жүрген қыздардың көбейгені.

Біз өзге елдерде табысқа жетіп, бақытты өмір сүріп жатқан аралас отбасылар туралы да естиміз. Бірақ шетелге кеткендердің барлығы бірдей «елім, жұртым» деп еңіреп тұрған жоқ. Қызметі, тұрмысы, тіпті отбасы жақсы болғанымен, түптің түбінде «тамыры үзілген» қазақтың ішінен қаңырағанын аңғарар сәттер де болады. Жалпы, бұл жағдайға қатысты жағдайларды естігенде, аралас некеге не себеп деген сұрақ туындайды. Бірқатар зерттеу мен психолог-мамандардың пайымдауынша, аралас некеге итермелейтін бірнеше фактор бар. Мысалы:



(Сурет: әлеуметтік желіден).

• Экономикалық себептер. Кейбір жастар шетелдіктердің материалдық жағдайына қызығып, тұрмысқа шығуға немесе үйленуге шешім қабылдайды;

• Менталитеттік алшақтық. Қазақ жігіттерінің бойындағы жауапкершілік, ілтипат, отбасылық құндылықтарға деген қатынас кейде сын көтермей жатады. Бұл – қаракөз қыздардың өзге ұлт өкілінен шуақ іздеуіне себеп болуы мүмкін;

• Ғаламтор мен танысу платформаларының кеңеюі. Жастардың шекарадан тыс байланыс орнатуы оңайлады. Таныстық махаббатқа, махаббат отбасына ұласуы ықтимал.

«Ел боламын десең, бесігінді түзе» дейді дана халқымыз. Бесік түзеу – ұлтқа қызмет ету. Ал ұлтқа қызмет – ұрпақты тәрбиелеуден басталады. Ұрпақтың ділі, діні, тілі таза болмаса – ұлттың болашағы бұлыңғыр. Аралас неке – заманның талабы емес, адам тағдырына әсер ететін күрделі әлеуметтік құбылыс. Сондықтан оны тек махаббатпен емес, ақылмен, парасатпен, ұлттық мүдде таразысымен өлшеп барып бағалаған жөн.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мирхат МҰРАТҰЛЫ,
дінтанушы:Көбі азаматтық алу үшін
үйленеді...

Аралас некеге қоғамдық құбылыс ретінде қарасақ, алдымен қазақ қоғамы, ұлттың болашағы мен бірегейлігі туралы ойлауымыз керек. Бірақ бұл мәселені тек ұлттық идеямен шектеу жеткіліксіз, әлеуметтік-экономикалық себептерді де ескеру қажет. Кеңес Одағы ыдыраған соң қазақ қоғамы күрт капиталистік жүйеге бейімделе алмады. Көшпенді менталитет, ұлттық буржуазияның қалыптаспауы, экономикалық теңсіздік, құқықтық және қаржылық сауатсыздық – осының бәрі отбасы институтын әлсіретті. Тұрақсыз тұрмыс, баспана мен жұмыс тапшылығы жастардың отбасын құруға сенімін азайтты. Нәтижесінде тұрмыс құрмаған 400 мыңнан астам әйел бар. Олар үшін ана болу – басты арман.

Өз елінде жар таба алмаған соң, кейбірі шетелдіктерге тұрмысқа шығу арқылы жеке мақсатына жетуді қалайды. Алайда, шетелдік азаматтардың да ниеті сан түрлі. Көбі азаматтық алу үшін үйленеді. Ал қыздарымыз шынайы сезімге сеніп, алданып жатады. Махаббат сезімге негізделгенімен, ол ұзаққа созыла бермейді. Сондықтан мәселе тек аралас некеде емес, мәселе – ұлттық санада, рухани имунитет пен әлеуметтік қолдауда. Жастарымыз сезіммен емес, санамен таңдау жасауы керек. Ұлт ретінде біз жастардың шынайы өмірлік таңдау жасауына көмектесуіміз керек. Олар тек сезім жетегінде кетпей, болашақ өмірін, балаларының тағдырын ойлағаны жөн. Мәселе тек аралас некеде емес, мәселе – ұлттық санада, рухани имунитетте, әлеуметтік қолдауда.

Бетті әзірлеген Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.



1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

«ӘКЕМ – ТІРЕГІМ, АНАМ – ЖҮРЕГІМ!»

Алматыда тағылымды іс-шара бастау алды

Шаһарымыздағы білім мекемелерінде Балаларды қорғау күні қарсаңында алғаш рет өткізіліп отырған бұл іс-шара – «Әкем – тірегім, Анам – жүрегім» деген тақырып аясында ұйымдастырылды.

Балалардың амандығы мен құқығын қорғауға бағытталған ауқымды бастаманың мақсаты – балаларға қауіпсіз орта қалыптастыру, ата-ананың рөлін арттыру және қоғам назарын маңызды мәселелерге аудару.

Алатау ауданының «Ақкент» ықшамауданындағы №181 мектепте өткен іс-шара «Ұрпақтар үндестігі» атты маңызды бағытты қамтыды. Оған осы мектептің ата-аналары, белгілі өнер иелері шақырылды. Қонақтардың қатарында белгілі әнші, актер, тележүргізуші Нұрлан Албан, ҚР мәдениет саласының үздігі, «Қазақконцерттің», «Алатау» дәстүрлі өнер театрының труппа жетекшісі, белгілі актер Саттар Ерубаев, «Қыздар-ай» тобының мүшелері Айнұр мен Бақыт сынды танымал таланттар болды. Сахнадағы өнер иелері – білім шаңырағы үшін-ата-ана. Сондықтан кеш барысында олар

тек өнер саласына қатысты емес, бала тәрбиесіндегі өз тәжірибелерімен де кеңінен бөлісті. Отбасындағы тәрбие мен өнердің үндестігі туралы ой қозғады. Ұрпақтар арасындағы сабақтас-тық, ұрпақ тәрбиесіндегі әке мен ананың рөлі, ұлттық құндылықтардың маңызы кеңінен қозғалды. Әңгіме қоғам, мектеп, ата-ана үштігі, ұлттық дүниетаным, салт-дәстүр жөнінде өрбіді. Оқушылар тарапынан да сұрақтар қойылды. Кеш қонақтары өнерге келу жолы, өмірлік ұстанымы, отбасындағы тәрбие жөнінде пікірлерімен бөлісті. Өнер жолындағы табыстары, кинодан үзінді көрсетілді. Қазіргі таңда №181 мектепте ұстаздық қызметті қоса атқарып жүрген Бақыт Бейшен – музыка пәнінен сабақ береді. Өзі әннің сөзін де, әуенін де жазатын өнер иесі Дубайда өткен халықаралық композиторлар байқауында жеңімпаз атанып келді.

– Айнұр екеуіміз 1992 жылы Қытай Халық Республикасынан

ата-жұртымызға көшіп келдік. Осында келіп Елебеков атындағы эстрада-цирк училищесін аяқтадық. Сол жерде бізге вокалдан халық әртісі Зейнеп Қойшыбаева сабақ берді. Ол кісі бізге өнердің мәнін, сахна мәдениетін үйреткен алғашқы кәсіби жетекшіміз болды. Училищеден кейін Қыздар педагогикалық институтында білімімізді жалғастырып, 1998 жылы Алматы облыстық Сүйінбай атындағы филармонияға әнші ретінде қабылдандық.

Осылайша Майра Илиясова апайымыздың көзіне түсіп, өнердегі бағымызды сол кісі ашты. Бізді облыстық филармонияға шақырып, «Қыздар-ай» тобын құрдық. Қазір «Қыздар-ай» тобы – көпшілікке танымал, өзіндік орны бар өнер ұжымы. Біз де осы өнер жолында азды-көпті еңбегімізді сіңірдік деп ойлаймыз. Замандастарымызға үлгі болсақ, кейінгі ұрпаққа бағыт көрсете алсақ – біздің еңбегіміздің жемісі, – деді «Қыздар-ай» тобының әншісі Бақыт Бейшен.

«Дархан» ықшамауданындағы №210 мектеп-лицейінің оқушылары Балаларды қорғау күніне орай флешмоб ұйымдастырды. «Самға, самға» деген әуезді әуен ырғағымен билеген балалар бақытты балалық шақты бимен айшықтады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жеңісгүл ИМАНҒАЛИҚЫЗЫ,
№181 мектеп директоры:

МАҢЫЗДЫ ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ

Меймандарымыз – өнер әлемінде өзіндік орны бар тұлғалар. Мұндай кездесулерді мектеп қабырғасында жиі ұйымдастырып отырсақ, балалардың ұлттық тәрбиеге деген қызығушылығы артады деп ойлаймын. Олар енді бос уақытын пайдалы өткізіп, телефонға, жалпы, қажетсіз дүниелерге емес, танымдық дүниелерге, өнерге көңіл бөлері анық. Бүгінгі іс-шараға қатысқан өнер адамдарының кейбірін оқушылар бұрын білмеген болса, енді танып, қызығушылық танытып, тіпті ұқсағысы келуі мүмкін.

«Мен де осындай болсам екен, өскенде өнерде жүріп, отбасымды қатар тәрбиелесем» деген мақсат туары анық. Бұл – тәрбиенің ең үлкен нәтижесі деп ойлаймын. Бүгінгі іс-шара – балаларға ұлттық рухты сезіндіретін, өнерге деген қызығушылығын оятатын үлкен тағылым алаңына айналды. Қонақтарымыз сахнада өнер көрсетіп қана қоймай, өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, бала тәрбиесіне қатысты ойларын ортаға салды.

Шынар ӨТЖАНОВА,
№58 жалпы білім беретін мектеп директоры:

ТӘРБИЕ БАСТАУЫ – ОТБАСЫНАН

Флешмобтың ең бір ұтымды жағы – бала анасымен бірге көңілді де, тартымды қимылдарды көрсетіп, өзінің бақытты отбасында екенін сезінді. Флешмоб ата-ананы баласымен етене жақындатты. Осы көріністерден ата-ана мен бала арасында жылылықтың, мейірімділіктің, сүйіспеншіліктің біртіндеп пайда болатындығын көрдік. Тәрбие бастауы – отбасынан демекші, ата-ана мен бала арасында пайда болатын жақындық отбасының да, қоғамның да негізгі қайнар көзі. Қазақстан балалары бақытты болса, жүздерінен күлкі кетпесе екен деймін. Біз балалармен, олардың жарқын болашағымен бақыттымыз.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған «Бақытты бала – бақытты отбасы» атты флешмобты 1 маусым – Балаларды қорғау күніне арнап отырмыз. Әр адамның жүрегіндегі ең қастерлі ұғым – ол отбасы. Отбасы – тәрбие мен құндылықтардың бастауы. Әке – отбасының қорғаны, тірегі болса, ана – мейірім мен махаббаттың символы. Осы қос тұлғаның үйлесімі арқылы ұрпақ бақытты болып өседі. Осынау іс-шара арқылы біз отбасылық құндылықтарды дәріптеп, ата-ана махаббаты мен бала бақыты арасындағы алтын көпірді нығайтып отырмыз.

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Ел болам десен, бесіңді түзе» деген даналық сөзі бар. Бұл сөз – отбасындағы тәрбиенің маңызын, оның ел бола-

шағымен тікелей байланысты екенін аңғартады. Бүгінгі ұрпағымыздың жан-жақты, білімді, заманауи әрі рухани бай болып қалыптасуы – осындай бірлескен тәрбиелік іс-шаралардың нәтижесі деп білемін», – деді №210 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Мөлдір Майлыбаева.

Алмалы ауданындағы №58 жалпы білім беретін мектепте және №62 мектеп-гимназиясында да «Қазақстан балалары» жобасы аясында және «Балаларды қорғау күні» қарсаңында «Бақытты бала – бақытты отбасы» тақырыбында флешмоб өткізілді. Іс-шараға балалар мен олардың ата-аналары қатысты.

Бетті әзірлегендер
Рая ЕСКЕНДІР,
Досбол АТАЖАН.



Суреттері түсіріп Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 21 мамырдағы
№2/262-755 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Мәдениет басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 10 сәуірдегі № 03.4 - 15/218-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Көрме салын салу үшін «Atakent Asia Development» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 187/2 учаскесі мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы 1,4617 га (кадастрлық нөмірі 20-313-011-698) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала Жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік қаспորны заңнамада белпленген тәртіппен меншік иесін хабардар етсін;
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

 - осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін;
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару жөніндегі іс-шаралар аяқталғаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласының Мәдениет басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
 - Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ

ШЕШІМ

Алматы қаласы мәслихатының шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 28 сәуірдегі №207 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізімінде электрондық түрде 2025 жылғы 16 мамырда №210030 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2025 жылғы 28 сәуір №207

«Алматы қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 8 желтоқсандағы №73 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1750 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

- «Алматы қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 8 желтоқсандағы №73 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1750 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
- аталған шешіммен бекітілген Алматы қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларындағы:
- 3-тармақ келесі мазмұндағы (14), (15), (16), (17), (18), (19) тармақшалармен толықтырылсын:
- «14) бала (балалар) – он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам;
- 15) жетім бала (балалар) – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз анасы (әкесі) қайтыс болған бала (балалар);
- 16) цифрлық құжаттар сервисі – «электрондық үкімет» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторға бекітіп берілген және ақпараттандыру объектілерінен алынған мәліметтер негізінде қалыптастырылған электрондық түрдегі құжаттарды көрсетуге және пайдалануға арналған объектісі;
- 17) «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізудің «ортақ терезесі» дегенді білдіретін ақпараттандыру объектісі;
- 18) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;
- 19) уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметін реттеуді, бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган»;
- 8-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:
- «8. Азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін:
- 1) дүлей апат салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі;
- 2) өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі;
- 3) әлеуметтік маңызы бар аурудың болуы;
- 4) жергілікті маңызы бар аурудың болуы;
- 5) жетімдік, ата-ана қамқорлығының болмауы;
- 6) жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі күтім жасай алмауы;
- 7) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуы, пробация қызметінің есебінде болуы.
- Дүлей апат немесе өрт салдарынан мүлкіне залал келген болса, әлеуметтік көмек залал келген мүлік орналасқан жер бойынша меншік иесінің тіркелген жеріне қарамастан көрсетіледі;
- 12-тармақтың 1) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:
- «1) 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысушылар, атап айтқанда, Қарулы Күштердің және Әскери-теңіз күштерінің құрамындағы әскери бөлімдерде, штабтарда және мекемелерде қызмет еткен әскери қызметшілер, партизандар мен жасырын ұйым мүшелері, жарақаттану, контузия, зақымдану немесе ауру салдарынан мүгедек болған адамдар,

сондай-ақ Ұлы Отан соғысы кезінде майданда, соғыс қимылдары жүріп жатқан аудандарда, майдан маңындағы темір жол учаскелерінде, қорғаныс шептерінің құрылыстарында, әскери-теңіз базалары мен аэродромдарда алған жарақат, контузия, зақымдану немесе ауру салдарынан мүгедектік белгіленген жұмысшылар мен қызметкерлерге – 5 (бес) миллион теңге»;

12-тармақ келесі мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) Бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының шекарасын қорғау бойынша ұрыс қимылдарына қатысушылар – 200 (екі жүз) мың теңге»;

12-тармақтың 7) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«7) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградалған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет көтерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградалмаған адамдарға – 100 (жүз) мың теңге»;

12-тармақ келесі мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

«Әлеуметтік көмекті алушылардың түрлері Мемлекеттік корпорацияға не өзге ұйымдарға сұрау салу негізінде не уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерінен электрондық түрде қалыптастырылады»;

15-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

15. Әлеуметтік көмек жылына бір рет осы Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген, жан басына шаққанда орташа табысы күнкөріс деңгейінің екі есе мөлшерінен аспайтын отбасыларға (азаматтарға) жылына бір рет әлеуметтік көмек 20 (жырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

Әлеуметтік көмектің бұл түрі осы Қағидалардың 24-тармағының 33), 34) тармақшаларында көрсетілген адамдарға көрсетілмейді»;

5 бөлім келесі мазмұндағы 17-1 тармақпен толықтырылсын:

«17-1. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және (немесе) пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік көмек босатылғаннан және (немесе) жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбаған өтініш бойынша пробация қызметіне есепке қойылғаннан кейін үш айдан кешіктірмей 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде беріледі және қайта ұсынылмайды»;

24-тармақ келесі мазмұндағы 30), 31), 32) 33), 34) тармақшалармен толықтырылсын:

«30) толық мемлекеттік қамтамасыз етуде ұсталғандарды қоспағанда, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

31) 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысушылар, атап айтқанда, Қарулы Күштердің және Әскери-теңіз күштерінің құрамындағы әскери бөлімдерде, штабтарда және мекемелерде қызмет еткен әскери қызметшілер, партизандар мен жасырын ұйым мүшелері, жарақаттану, контузия, зақымдану немесе ауру салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ Ұлы Отан соғысы кезінде майданда, соғыс қимылдары жүріп жатқан аудандарда, майдан маңындағы темір жол учаскелерінде, қорғаныс шептерінің құрылыстарында, әскери-теңіз базалары мен аэродромдарда алған жарақат, контузия, зақымдану немесе ауру салдарынан мүгедектік белгіленген жұмысшылар мен қызметкерлер;

32) Бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының шекарасын қорғау бойынша ұрыс қимылдарына қатысушылар;

33) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар;

34) пробация қызметінің есебіндегі адамдар»;

27-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«27. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына берілетін әлеуметтік көмекті алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан (немесе өкілі, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167-бабына сәйкес берілген сенімхат бойынша) әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органға немесе мемлекеттік корпорацияға осы Қағидаларға 1-3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша өтінішпен немесе осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша порталға электрондық түрдегі өтінішпен жүгінеді.

Жазбаша өтініш берген кезде құжаттарды қабылдайтын маман «электрондық үкімет» шлюз арқылы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың тиісті ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі – АЖ) осы Қағидаларға 1-2 қосымшаға сәйкес нысанда сұрау салу қалыптастырады.

АЖ-да мәліметтер сәйкес келмеген (болмаған) кезде өтініш беруші өтінішке мынадай құжаттарды қоса береді:

1) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін);

2) адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер (адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамай тағайындалатын әлеуметтік көмекті алу үшін адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер ұсынылмайды);

3) мұқтаждар санатына жатқызу негіздерінің болу фактісін растайтын төменде көрсетілген құжаттардың бірі:

дүлей апат салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келу фактісін растайтын құжат;

өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келу фактісін растайтын құжат;

әлеуметтік маңызы бар аурудың болу фактісін растайтын құжат;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылу, пробация қызметінің есебінде болу фактісін растайтын құжат.

4) осы Қағидалардың 24-тармағының 16) тармақшасында көрсетілген тұлғалар транскрипті «ете жақсы» деген бағаға сәйкес бағалар баламасын ұсынады.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың төлнұсқалары және көшірмелері ұсынылады. Салыстырып тексерілгеннен кейін құжаттардың төлнұсқасы өтініш берушіге қайтарылады.

Өтініш беруші толық емес құжаттар топамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынаған кезде осы Қағидаларға 1-3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш қабылдаудан бас тарту туралы қолайт беріледі.

Өтініш беруші әлеуметтік көмекке портал арқылы электронды түрде жүгінген кезде мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-на қажетті мәліметтерді алу үшін өтініш берушінің өзі сұрау салады.

Бұл ретте мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-нан келіп түскен электрондық өтініш пен мәліметтерді өтініш беруші өзінің ЭЦҚ-мен куәландырады»;

28-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«28. Өтініштерді, оның ішінде электрондық өтініштерді әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган түскен жұмыс күні ішінде, ал жұмыс күнінен тыс келіп түскен жағдайда – өтініш түскен күннен кейінгі бірінші жұмыс күні тіркейді.

Осы Қағидалардың 8-тармағының 1), 2), 4) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган өтініш берушінің құжаттарын тұлғаның (отбасының) материалдық жағдайын зерттеп қарау үшін 1 (бір) жұмыс күні ішінде уәкелетті комиссияға жібереді»;

35-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«35. Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган өтініш берушіге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №523 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы қабылданған шешім туралы хабарлама жібереді»;

40-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«40. Әлеуметтік көмекті көрсетуге шығыстарды қаржыландыру Алматы қаласының бюджетінде ағымдағы қаржы жылына көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Осы Қағидадың 24-тармағында көрсетілген мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек төлеу тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №523 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі»;

9 бөлім келесі мазмұндағы 44-1 тармақпен толықтырылсын:

«44-1. Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №523 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына сәйкес өтініш берушіге санаторий-курорттық емделуге әлеуметтік көмек көрсету туралы қабылданған шешім (көрсетуден бас тарту) туралы хабарлама жібереді»;

45-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«45. Әлеуметтік көмек келесі жағдайларда тоқтатылады:

1) алушы қайтыс болған;

2) алушы тұрақты тұру үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктен тыс кеткен»;

3) алушы мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберілген;

4) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

5) әлеуметтік көмек көрсетуге негіз болмай қалғаны туралы мәліметтер анықталған;

6) Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының тізіміне сәйкес туберкулезбен ауыратын науқастарды стационарлық емдеуге «Каменское Плато» туберкулезге қарсы санаторийіне немесе дәлелсіз себептермен 7 (жеті) күннен артық емделуге рұқсат берілген жағдайда жолдау.

Осы тармақтың 3) тармақшасы осы Қағидалардың 8-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тағайындалған әлеуметтік көмек төлеуге қолданылмайды.

Осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмек төлеу көрсетілген мән-жайлар басталғаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

Осы тармақтың 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген мән-жайлар басталған күннен бастап тоқтатылады»;

осы шешімге 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес көрсетілген Қағидаларға 1-1, 1-2, 1-3 қосымшалармен толықтырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 12-тармақтың 1-1) тармақшасын қоспағанда, 2025 жылғы 28 сәуірден бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы М.ОТЫНШИЕВ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Байсерке Агро» ЖШС жобаның қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ) бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Тыңдаулар бірыңғай экологиялық порталында (https://ecportal.kz/) ашық талқылау форматында өтеді. Жоба Алматы облысы, Іле ауданы, Байсерке ауылдық округі, Байсерке ауылы, Қонаев көшесі, 1 мекенжайында жүзеге асырылады.

Жобалық құжаттама порталда 2 маусым мен 9 маусым аралығында, сондай-ақ Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында қолжетімді болады.

Ескертулер мен ұсыныстар көрсетілген кезеңде порталдың функционалы арқылы қабылданады.

Жоспарланғы отырған қызметтің бастамашысы: «Байсерке Агро» ЖШС, БСН 021040004375, Алматы облысы, Байсерке ауылы, 040705, Іле ауданы, Қонаев көшесі, 1.

Телефон: +7 777 517 33 15.

E-mail: info@bayserkeagro.kz.

Дамытушы ұйым: РҒӨАО «Қазэкология» ЖШС, БСН 940740000129, Алматы қ., Әйтеке би көшесі, 27.

Телефон: +7 (727) 291-78-14.

E-mail: kazecology.kz@gmail.com.

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» АҚ «Алматы ЖЭТ», «Орталық ЖЭТ», «Оңтүстік ЖЭТ» «KEGOC» АҚ филиалдарының 220-500 кВ ӘЖ реконструкциялау» ықтимал әсерлері туралы есер жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Есер аумағы: Алматы қ.

Тыңдаулар 2025 жылғы 27 маусым, сағат 10.00-де Алматы қ., Шевченко көшесі, 162/7 («KEGOC» АҚ Алматы ЖЭТ филиалының әкімшілік ғимараты) мекенжайы бойынша өткізіледі.

Қатысушыларды тіркеу тыңдау басталғанға дейін 10 минут бұрын, жеке куәлігін қорсеткен кезде жүргізіледі.

Zoom-ға сілтеме: https://us04web.zoom.us/j/74746451029?pwd=foXJ00yOj0BxhENnKaComytRxrbaTH.1

Конференция идентификаторы: 747 4645 1029

Кіру коды: 9VLgHj

Жобалық құжаттама және қоғамдық тыңдаулар хаттамасы бойынша ақпарат <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/documents/1?lang=ru> интернет-ресурстарына орналастырылатын болады, сол жерде барлық ұсыныстар мен ескертулер қабылданады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органның байланыстары:

«Алматы қаласының экология және қоршаған орта басқармасы» KMM, ecology.almaty.gov.kz . Пашта мекенжайы: 050000, Алматы қ., Республика алаңы, 4.

Оператор: «KEGOC» АҚ, БИН 970740000838, ibrayeva@kegoc.kz. телефон: 8 771 136 10 10.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Институт Казсельэдрапроект» ЖШС, БИН 050240005204, nadezhda.khilova@kazsep.kz.

Телефон: 8 705 978 36 63.

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.



РУХАНИЯТ

«АБЫСЫН-АЖЫН» БАЙҚАУЫ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ҰЙЫТҚЫСЫ

Алматыда «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы және Алматы облысы филиалдарының ұйымдастыруымен «Абысын-ажын» байқауы өтті. Ұлттың тірегі саналатын аналар мен келіндер бас қосқан бұл іс-шара – салт-дәстүр мен отбасылық құндылықтарды дәріптеуді мақсат еткен ерекше басқосу болды.

Ернұр
РЫСБАЙ

Байқау төрт кезеңнен тұрды. Алғашқысы – «Сәлем – сөздің анасы» деп аталды. Бұл бөлімде қатысушылар ұлттық амандасу әдебін, келіндердің ибалылығы мен үлкенге құрметін сахналық қойылымдар арқылы көрсетті.

Екінші кезең – «Шебердің қолы алтын, өлеңшінің сөзі алтын». Бұл бөлімде аналар мен келіндер қолөнер мен өлең айту өнерін қатар танытып, көптің ықыласына бөленді.

Үшінші кезең – «Өмірдің айнасы – маған пайдасы» деп аталды. Мұнда қатысушылар өмірлік тәжірибе мен отбасындағы тәлім-тәрбиені аңғима арқауына айналдырып, өнегелі ойларымен бөлісті.

Ал соңғы кезең – «Отбасым – кіші Отаным». Бұл бөлімде келіндер мен аналар отбасы құндылығының мәнін ашып, өз отбасыларын таныстырды.

Байқау мақсаты – бір әулеттің келіндері, яғни абысын-ажын арасындағы ауызбіршілік пен ынтымақты насихаттау, ұлттық салт-дәстүрді жаңаша тұрғыда ұсыну, ұрпақтар сабақтастығын қалыптас-



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Айнұр ЖҮГІНІСОВА,
ҚР Президенті жанындағы
Әйелдер істері және отбасылық-
демографиялық саясат жөніндегі
ұлттық комиссия мүшесі:**

– Байқауға алдыңғы толқын апаларымызбен қатар, соңымыздан еріп келе жатқан жастарымыз, болашақ аналарымыз да қатысып отыр. Бұл – ұрпақтар сабақтастығының айқын көрінісі. Қазір «Қазақ аналары – дәстүрге жол» қозғалысы еліміздің түкпір-түкпірінде кең қанат жайып келеді. Қуанышымызға орай, әр өңірде аналарымыз бірігіп, ұлттық тәрбиені, салт-дәстүрді жаңғыртып, халыққа өнеге көрсетіп жатыр. Бұл – біз үшін үлкен жетістік. Төрт жыл ішінде Қазақстан бойынша үш жүзге жуық филиал

ашылды. Қозғалысымыз он бес жастан сексен бес жасқа дейінгі аналар мен қыз-келіншектерді біріктіріп отыр.

Бүгінде тоқсан жастағы Наушан анамыз қатарымызда. Осындай жандардың ортамызда отыруының өзі – біз үшін үлкен бақыт, рухани демеу. Өйткені, сіздерден алған өнеге мен ақ батаның арқасында көп жетістікке жетіп келеміз. Бұл қозғалыстың басты мақсаты – қазақ әйелдерін, аналарды, келіндерді бір арнаға тоғыстыру. Біздің халқымызда «Ұрпақтар сабақтастығы» деген киелі ұғым бар. Бүгінгі жиында үш буынның өкілдері бас қосып отыр. Бұл – қазақтың тілін, салтын, ділін ұмытпай, бір бағытта, бір мұратпен өмір сүруіміздің белгісі. Бәріміз бір тілде сөйлеуіміздің өзі – бақыт. Өйткені, тілі жоғалған ұлт – рухсыз ұлт. Ал рухсыз ұлтты құрту – оп-оңай.

тыру. Бұл туралы «Қазақ аналары дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы және Алматы облысы филиалдарының төрайымы Ләйле Дәулет айта кетті.

– Бұл байқауда басты мақсат – жұлде алу емес, бір тіл, бір ғұрып, бір отбасылық тәрбие сынды ұлттық құндылықтарды паш ету. Аналарымыздың өнегесін, келіндердің ұйымшылдығын көрсету арқылы жас буынға үлгі болу – басты мұрат, – деді ол.

Бұл іс-шара – жәй ғана байқау емес, рухани жаңғырудың бір бөлшегі іспетті. Ұлттың ұйытқысы болған аналардың басын қосып, ұрпаққа өнеге болар тағылымды сөздер мен іс-әрекеттерін көпшілікке көрсету – қоғамға ауадай қажет дүние. Осындай игі бастамалар көбейіп, ұлттық құндылықтарымыз мәңгі жасай берсін!

Сол себепті, біз тілімізге, дәстүрімізге, отбасылық құндылықтарымызға берік болуымыз керек.

Келешекте бұл байқау республикалық деңгейде жалғасын табады. Қыркүйек айында Қызылорда қаласында төртінші республикалық «Абысын-ажын» байқауы өтпек. Ол үшін бүгіннен бастап тыңғылықты дайындық қажет. Қазір бала тәрбиесі, отбасылық тәрбие мәселесі сәл ақсап тұрған кезеңде – аналардың жауапкершілігін арттырудың маңызы зор. Үйдегі келінмен, қызбен бірлесе жұмыс істейік.

Себебі, ұлттың болашағы – әйелдің, ананың қолында. Қазақтың инабатты, ибалы, уяң келіндері мен дана аналарын қайтадан биікке көтеру – бәріміздің ортақ парызымыз. Сіздер – біз үшін өнеге, тірек, шабыт көзсіздер. Бүгінгі іс-шара – соның дәлелі.

ALMATY THEATRE

СӘУЛЕГЕ ҰМТЫЛҒАН САНА

Алматыда әлем мойындаған спектакль сахналанды

Almaty Theatre сахнасында алматылық көрермендерге ерекше әсер сыйлаған қойылым ұсынылды. Ыстықкөл облыстық Қасымалы Жантөшев атындағы театр ұжымы Алматыға «Күн қармаған бала» спектаклін алып келеді. Бұл қойылым – XX ғасырдың сексенінші жылдарының соңындағы өтпелі кезең мен сол тұстағы адамдар тағдыры туралы философиялық драма.

Әр кейіпкердің өз шындығы, өз сыры бар. Бірі жарыққа қарай бет түзесе, енді бірі қараңғылықта қалып жатады. Спектакльдің басты кейіпкері – ерекше бала. Аутизм мен сал дертіне шалдыққан ол өз-өзіне күтім жасай алмайды. Анасы ғана оған қорған бола алады – оны бағып-қағып қана қоймай, сырт көздің қиянаты мен мазағына қарсы тұрады. Алайда, бала тағдыр тауқыметіне қарамастан, жақсылыққа сенуден танбайды. Ол адамдарға тек күн сыйлағысы келеді.

Пьесаны қазіргі заманға лайықтап сахналаған – жас әрі талантты режиссер Ұланмырза Қарыпбаев. Бұған дейін халықаралық фестивальдерде үш мәрте Гран-при иеленіп үлгерген. Ұланмырза көрерменге жәй ғана оқиға ұсынбайды – ол көрерменін адамның ішкі дүниесіне үңілуге мәжбүрлейді. Ол режиссер ретінде өзінің ұстанымы болмаса, сахнада жұмыс істеудің мәні жоқ екенін айтады. Оның пайымынша, бұл шығарма қазіргі қоғам үшін маңызды: бүгінгі күні бәрінен біркелкілік талап етіледі, ерекшелігі бар адамды қоғам қабылдамай, шеттетуге бейім. Ал шын мәнінде, кім нағыз қаһарман? Жақсылыққа сенген бала ма, әлде ауылын сатып, мансап қуған колхоз төрағасы ма? Неліктен баланы үнсіз жерлейді де, сатқын билік иесі қошеметпен шығарылады?

Басты рөлді сомдаған – Рыскелді Тынарбекұлы. Бұл



оның театрдағы алғашқы рөлі болғанына қарамастан, ол бірден үздік дебют номинациясында марапатқа ие болды. Қойылымның тұсаукесері Қырғызстанда 2023 жылдың қаңтарында өтті. Содан бері спектакль Бішкек, Мәскеу, Баку, Уфа сынды қалаларда қойылып, халықаралық деңгейде мойындалды.

Театр сыншысы Жаныш Құлмамбетовтың айтуынша, Ұланмырза Қарыпбаев – ерекше дарын иесі, оның туындылары әрдайым терең мазмұнымен ерекшеленеді: «Бұл спектакль Ыстықкөл театрының ғана емес, жалпы қырғыз театр өнерінің үлкен жетістігі. Тоталитарлық жүйенің табиғатын аяусыз шынайылықпен бейнелеген. Бұрынғы қойылымындағы тақырып жаңа туындыда тереңдей түскен.

Бұл – адамдардың біркелкі ойлауға мәжбүрленген, өзгеше жандарды шеттететін қоғамына қарсы қойылған гуманистік үндеу», – дейді сыншы. Оның айтуынша, «Күн қармаған бала» – алғашқы тазалық пен үміттің символы. Бұл – адамгершілік пен мейірімді, сенімді ұлықтаған көркем туынды. Сонымен қатар, әр актердің рөлі өзінше біртұтас өнер туындысына айналған.

Т.ДЕРЫСАЛИН.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Сұлтан РАЕВ,
пьеса авторы,
қырғыз драматургі:**

**Адам бойындағы жақсылықты
іздеуге деген ұмтылыс**

Бұл оқиғаны мен студент кезімде, сексенінші жылдардың соңында жаздым. Жүйеге қарсылық, адам бойындағы жақсылықты іздеуге деген ұмтылыс еді. Ол кезеңде көпшілік үшін бір ғана баланың тағдыры маңызды емес-тін. Осы бала жалғыз өзі көпшілікке қарсы тұра ала ма? Алғашқы рет пьеса 1989 жылы сахналанды. Қазір ол жаңа көзқараспен қайта қойылып отыр. Алматыдағы көрсетілімде толық нұсқасын ұсындық. Сыншылар тарапынан жақсы пікірлер айтылып жатқанын естіп, қуанып отырмын.